

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2022 ж. «20» қаңтардың
№ N047154, N047156 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ АТАУЫ

Мекинист 0,5 мг және 2 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1 Жалпы сипаттамасы

Траметиниб

2.2 Сапалық және сандық құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат – 0,5635 мг немесе 2,254 мг траметиниб диметилсульфоксиді (0,5 мг немесе 2 мг траметинибке баламалы);

Әрбір таблетканың құрамында 96.47 мг (0.5 мг үшін) және 106.95 мг (2 мг үшін) маннитол бар.

Қосымша заттардың толық тізбесі 6.1-бөлімде берілген.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Таблеткалар.

Сопақша пішінді, екі беті дөңес, бір жағында «GS» және екінші жағында «TFC» өрнегі бар сары түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар (0.5 мг доза үшін).

Дөңгелек пішінді, екі беті дөңес, бір жағында «GS» және екінші жағында «HMJ» өрнегі бар қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар (2 мг доза үшін).

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1 Қолданылуы

Меланома

Траметиниб монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде резекция жасалмайтын немесе BRAF V600 гені мутациясымен метастаздық меланомасы бар ересек пациенттерді емдеу үшін.

Меланоманың адьювантты емі

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде адьювантты ем ретінде BRAF V600 гені мутациясымен III сатыдағы резекция жасалатын меланомасы бар ересек пациенттерді емдеу үшін.

Өкпенің ұсақ жасушалы емес обыры (ӨҰЖО)

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде BRAF V600 гені мутациясымен өкпенің таралған ұсақ жасушалы емес обыры бар ересек пациенттерді емдеу үшін.

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Траметинибпен емдеуді тек ісікке қарсы дәрілік заттарды қолдану тәжірибесі бар дәрігердің қадағалауымен бастау және жүргізу керек.

Траметиниб қабылдау алдында пациенттерде бекітілген диагностикалық зерттеу арқылы BRAF V600 мутациясының бары расталуы тиіс.

Дозалары

Монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолданылатын траметинибтің ұсынылатын дозасы күніне бір рет 2 мг құрайды. Траметинибпен біріктірілімде қолдануға ұсынылатын дабрафениб дозасы күніне екі рет 150 мг құрайды.

Емдеу ұзақтығы

Пациенттер пайдасын көретін сәтке дейін немесе қолайсыз уыттылық дамығанша пациенттерге траметинибпен емдеуді жалғастыру кеңесі беріледі (2 кестені қараңыз). Меланомамен науқастарды адьювантты емдеу, аурудың қайталануы және қолайсыз уыттылығы болмаса, 12 ай бойы жалғасуы тиіс.

Өткізіп алған дозалар

Егер траметиниб дозасын қабылдауды өткізіп алса, тек егер келесі жоспарлы дозаны қабылдауға дейін 12 сағаттан көп уақыт қалса ғана, дозаны қабылдау керек.

Егер траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда, дабрафениб дозасын қабылдау өтіп кетсе, дабрафениб дозасын келесі жоспарлы дозаны қабылдауға дейін 6 сағаттан көп уақыт қалса ғана қабылдау керек.

Дозаны модификациялау

Жағымсыз реакцияларды бақылау үшін дозаны азайту, емдеуді тоқтата тұру немесе тоқтату қажет болуы мүмкін (1 және 2 кестелерді қараңыз).

Терінің жалпақ жасушалы обыры (ТЖЖО) немесе пайда болған біріншілік меланома сияқты жағымсыз реакцияларға байланысты дозаны түзету ұсынылмайды (толығырақ ақпарат дабрафенибтің қысқаша сипаттамасында берілген).

1 кесте. Ұсынылатын дозаны азайту деңгейлері

<u>Доза деңгейі</u>	<u>Траметиниб дозасы</u> <u>Монотерапияда немесе</u> <u>дабрафенибпен</u> <u>біріктірілімде қолданылады</u>	<u>Дабрафениб дозасы*</u> <u>Тек траметинибпен біріктірілімде</u> <u>қолданылғанда</u>
<u>Бастапқы доза</u>	<u>күніне бір рет 2 мг</u>	<u>күніне екі рет 150 мг</u>
<u>Дозаны 1-ші азайту</u>	<u>күніне бір рет 1,5 мг</u>	<u>күніне екі рет 100 мг</u>
<u>Дозаны 2-ші азайту</u>	<u>күніне бір рет 1 мг</u>	<u>күніне екі рет 75 мг</u>
<u>Дозаны 3-ші азайту (тек біріктірілімде)</u>	<u>күніне бір рет 1 мг</u>	<u>күніне екі рет 50 мг</u>
<u>Монотерапияда қолданылуына немесе дабрафенибпен біріктірілуіне қарамастан, траметиниб үшін дозаны күніне бір рет 1 мг-ден төмен түзету ұсынылмайды. Траметинибпен біріктірілімде қолданылғанда дабрафениб үшін дозаны күніне екі рет 50 мг-ден төмен түзету ұсынылмайды.</u>		
<u>* Дабрафенибті медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты, дозаларын және қолдану тәсілін қараңыз, онда дабрафенибпен монотерапия кезіндегі дозасы жөнінде нұсқаулар берілген.</u>		

2 кесте. Жағымсыз құбылыстар (ЖҚ) дәрежесіне қарай дозаны модификациялау жоспары (пирексияны қоспағанда)

<u>Жағымсыз реакциялардың ауырлық дәрежесі (СТС-АЕ шкаласы бойынша) *</u>	<u>Дозаны түзету</u> <u>Монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде</u> <u>қолданылады</u>
<u>1-ші дәреже немесе 2-ші дәреже (Ауыспалы)</u>	<u>Клиникалық көрсеткіштер бойынша емдеуді жалғастыру және бақылау жүргізу.</u>
<u>2-дәреже (ауыспалы емес) немесе 3-дәреже</u>	<u>Уыттылығы 0-1 дәрежеге дейін төмендегенше емді тоқтата тұру және емді жаңғыртқанда дозаны бір деңгейге төмендету.</u>
<u>4-ші дәреже</u>	<u>Емді түпкілікті тоқтату немесе уыттылығы 0-1 дәрежеге дейін</u>

	<u>төмендегенше емдеуде тоқтата тұру, емді жаңғыртқанда дозаны бір деңгейге төмендету.</u>
<u>* Жағымсыз құбылыстар критерийлерінің жалпы терминологиясы, 4.0 нұсқасы (СТС-АЕ) бойынша клиникалық жағымсыз құбылыстар қарқындылығы.</u>	

Жеке пациенттегі жағымсыз реакциялар тиімді бақыланбаса, дозаны қысқарту кезіндегідей дозалану сызбасын пайдаланып, дозаны қайта арттыру мүмкіндігін қарауға болады. Траметиниб дозасы күніне бір рет 2 мг-ден асырылмауы тиіс.

Пирексия

Егер пациенттің температурасы $\geq 38^{\circ}\text{C}$ жетсе, емді үзген жөн (траметиниб монотерапия ретінде және траметиниб + дабрафениб біріктірілімде пайдаланылғанда). Қайталану жағдайында гипертермияның алғашқы симптомдары пайда болған кезде де емді тоқтатуға болады. Ибупрофен немесе ацетаминофен / парацетамол сияқты ыстықты түсіретін дәрілермен емдеуді бастау керек. Пероральді кортикостероидтар пайдалануды ыстықты түсіретін дәрілер жеткіліксіз болған жағдайларда қарастыру керек. Пациенттерді инфекцияның белгілері мен симптомдары тұрғысынан тексеріп, жергілікті тәжірибеге сәйкес емдеу керек (4.4-бөлімді қараңыз). Егер пациентте бұрынғы дозада кемінде 24 сағат бойы симптомдар болмаса, Траметиниб монотерапиясын немесе траметиниб + дабрафениб біріктірілімін жаңарту немесе (2) гипертермия қайталанса және / немесе сусыздануды, гипотензияны немесе бүйрек жеткіліксіздігін қоса, басқа ауыр симптомдармен қатар жүрсе, дозаның бір деңгейіне төмендету керек.

Төменде баяндалған жағдайларды қоспағанда, траметиниб препаратын дабрафенибпен біріктірілімде қолданумен байланысты жағымсыз құбылыстар туындаған жағдайда екі препараттың да дозасын бір мезгілде азайту, емдеуді үзу немесе толық тоқтату керек. Дозаны модификациялау екі препараттың біріне ғана қажет болатын пирексия, увеит, RAS мутациясы оң (негізінен дабрафенибпен байланысты) терілік емес жаңа қатерлі түзілімдер, сол жақ қарынша лықсыту фракциясының (СҚЛФ) азаюы, торқабық веналарының окклюзиясы (ТВО), торқабық пигментті эпителийінің ажырауы (ТПЭА) және өкпенің интерстициальді ауруы (ӨИА)/пневмонитке тән өзгешеліктер (негізінен траметинибпен байланысты) төменде толығырақ сипатталған.

Таңдамалы жағымсыз реакциялар үшін дозаны модификациялау өзгешеліктері (препараттардың тек біреуінің дозасы азайтылғанда)

Пирексия

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда және пациент температурасы $\geq 38,5^{\circ}\text{C}$ болғанда дабрафениб дозасын модификациялау үшін дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.2 бөлім). Дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда траметиниб дозасын модификациялау қажет емес.

Увеит

Увеит кезінде көздің қабынуын тиімді жергілікті дәрілер көмегімен бақылауға алу сәтті болса, дозаны модификациялау қажет емес. Егер увеит көзге арналған жергілікті дәрілерге реакция бермесе, көздің қабынуы басылғанша дабрафениб қолдануды тоқтату керек, ал артынан дозаны бір деңгейге төмендетіп, дабрафениб қолдануды жаңғыртқан жөн. Дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда траметиниб дозасын модификациялау қажет емес.

RAS мутациясы оң нәтижелі терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер

RAS мутациясы болатын терілік емес қатерлі жаңа түзілімдері бар пациенттерде дабрафенибпен емді жалғастырмас бұрын пайда және қауіп арақатынасын бағалау керек. Дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда траметиниб дозасын модификациялау қажет емес.

Сол жақ қарынша лықсыту фракциясының (СҚЛФ) азаюы / сол жақ қарынша дисфункциясы

Бастапқы жағдаймен салыстырғанда, СҚЛФ $> 10\%$ симптомсыз абсолютті төмендеуі және мекемеде белгіленген қалыптың төменгі шегінен (ҚТШ) аз лықсыту фракциясы

бар пациенттерде (4.4 бөлімін қараңыз) траметинибпен емдеуді тоқтата тұру керек. Траметиниб препаратын дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда дабрафенибпен емді сол дозада жалғастыруға болады. Егер СҚЛФ қалпына келсе, траметинибпен емдеуді жаңғыртуға болады, бірақ доза мұқият қадағалаумен бір деңгейге төмендетілуі тиіс (4.4 бөлімін қараңыз).

Сол жақ қарыншаның 3 немесе 4 дәрежедегі дисфункциясында немесе СҚЛФ клиникалық мәнді төмендеуінде және 4 апта бойы СҚЛФ әріқарай қалыпқа келуі болмағанда траметинибпен емдеуді түпкілікті тоқтату керек (4.4 бөлімін қараңыз).

Торқабық веналарының окклюзиясы (ТВО) және торқабық пигментті эпителийінің ажырауы (ТПЭА)

Препаратпен ем қабылдап жүрген пациенттерде көру қабілетінің бұзылуына шағымдар туындағанда қосымша офтальмологиялық тексеру өткізу керек. Егер пациентте траметинибпен монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде емделу кезінде ТВО диагностикаланса, осындай емді түпкілікті тоқтату керек. Траметиниб препаратын дабрафенибпен біріктірілімде қолдану кезінде дабрафенибпен емді сол дозада жалғастыруға болады. Егер торқабық пигментті эпителийінің ажырауы диагностикаланса, төмендегі 3 кестеде траметиниб үшін дозаны модификациялау жоспарын қадағалаңыз (4.4 бөлімін қараңыз).

3 кесте. ТПЭА тұсында ұсынылатын траметиниб дозасын модификациялау

<u>1 дәрежедегі ТПЭА</u>	<u>Торқабықтың жай-күйі жөнге келгенше емдеуді жалғастыру және ай сайын бағалау жүргізу. Егер ТПЭА өршіп кетсе, төмендегі нұсқауларды орындау және 3 аптаға дейін траметинибпен емделуден бас тарту.</u>
<u>2-3 дәрежедегі ТПЭА</u>	<u>Траметинибпен емделуден 3 аптаға дейін бас тарту.</u>
<u>3 апта ішінде 0-1 дәрежесіне дейін қалыпқа түсетін 2-3 дәрежедегі ТПЭА</u>	<u>Траметинибпен емделуді аз дозада (0,5 мг төмендетілген) жаңғырту немесе оны күніне 1 мг дозада қабылдайтын пациенттерде траметиниб қолдануды тоқтату.</u>
<u>3 апта ішінде ең кемі ТПЭА 1 дәрежесіне дейін жақсарусыз 2-3 дәрежедегі ТПЭА</u>	<u>Траметинибпен емдеуді түпкілікті тоқтату.</u>

Пациенттердің ерекше топтары:

Өкпенің интерстициальді ауруы (ӨИА) / Пневмонит

ӨИА немесе пневмонит күмәні бар пациенттерде, оның ішінде жөтел, еңтігу, гипоксия, плевралық жалқық немесе инфильтраттарды қоса, жаңа немесе үдемелі симптомдары мен белгілері бар пациенттерде клиникалық тексеру өткізуге дейін траметиниб препаратымен емдеуді тоқтату керек. Емдеумен байланысты ӨИА немесе пневмонит диагностикаланған пациенттерде траметинибпен емделуді түпкілікті тоқтату керек. Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қолдану кезіндегі ӨИА немесе пневмонит жағдайында дабрафениб дозасын модификациялау қажет емес.

Бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттер

Бүйрек функциясының жеңіл және орташа дәрежедегі бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету қажет емес (5.2 бөлімін қараңыз). Бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде траметиниб қолдану жөніндегі деректер жоқ; демек, бастапқы дозаны түзетудің ықтималды қажеттілігі анықталмаған. Бүйрек функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде траметинибті монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда оны абайлап қолдану керек.

Бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттер

Бауыр функциясының ауырлығы жеңіл дәрежедегі бұзылулары бар пациенттерде дозаны түзету қажет емес (5.2 бөлімін қараңыз). Траметиниб препаратын бауыр функциясының

орташа және ауыр дәрежедегі бұзылуы бар пациенттерде қолдану жөніндегі клиникалық деректердің болмауына байланысты, осы санаттағы пациенттерде препараттың бастапқы дозасын түзету қажеттілігі анықталмады. Бауыр функциясының ауырлығы орташа дәрежедегі бұзылуы бар пациенттерде немесе бауыр функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде траметиниб монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда оны абайлап қолдану керек.

Еуропалық нәсілге жатпайтын пациенттер

Еуропалық нәсілге жатпайтын пациенттерде траметиниб қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Қандай да бір деректер жоқ.

Егде жастағы пациенттер

Дозаны 65 жастан асқан пациенттерде түзету қажет емес. Дозаны > 65 жастан аспаған пациенттерде жиірек түзету қажет болуы мүмкін (1 және 2 кестелерді қараңыз) (4.8 бөлімін қараңыз).

Балалар

Траметиниб препаратының балалар мен жасөспірімдердегі (18 жасқа толмаған) қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмады. Қандай да бір деректер жоқ. Жас жануарларға жүргізілген зерттеулерде ересек жануарларда байқалмаған траметинибтің жағымсыз құбылыстары анықталды (5.3 бөлімін қараңыз).

Қолдану тәсілі

Траметиниб бір стақан сумен іше отырып, ішу арқылы қабылдану керек. Траметиниб препаратының таблеткаларын шайнауға немесе сындыруға болмайды. Траметиниб ас ішуден кемінде 1 сағат бұрын немесе одан кейін 2 сағат өткен соң тамақтанудан бөлек қабылдану керек.

Траметиниб дозасын күннің белгілі бір уақытында қабылдау ұсынылады. Траметиниб пен дабрафениб біріктірілімде қолданылған уақытта күніне бір рет қабылданатын траметиниб дозасын дабрафенибтің таңғы немесе кешкі дозасымен бірге белгілі бір уақытта қабылдау керек.

Егер траметиниб қабылдаудан кейін пациент құсатын болса, пациентке осы дозаны қайта қабылдауға болмайды, бірақ келесі жоспарлы дозаны қабылдау керек.

Дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылған кездегі оның қолданылу тәсілі туралы ақпарат дабрафенибтің қысқаша сипаттамасында берілген.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

Белсенді затқа немесе қосымша заттардың кез келгеніне жоғары сезімталдық

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтық шаралары

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда емдеуді бастар алдында дабрафенибтің қысқаша сипаттамасымен танысу керек. Дабрафенибпен емделуге байланысты айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары туралы қосымша ақпарат дабрафенибтің қысқаша сипаттамасында мазмұндалады.

BRAF V600 мутациясының болуын растауға өткізілген тест

Зерттеу кезінде меланома BRAF V600 мутациясы бойынша теріс нәтиже берген пациенттерде траметиниб қауіпсіздігі мен тиімділігі бағаланбаған.

BRAF тежегіштерімен салыстырылатын траметинибпен монотерапия

Траметинибпен монотерапия BRAF V600 мутациясы оң болатын операция жасалмайтын немесе метастаздық меланомасы бар пациенттердегі клиникалық зерттеуде BRAF тежегішімен емдеумен салыстырылмады. Зерттеулер арасындағы салыстыру негізінде жалпы тіршілік қабілеті және үдеусіз тіршілік қабілеті туралы мәліметтер, көрінісі бойынша, траметиниб пен BRAF тежегіштерінің ұқсас тиімділігін айғақтайды; алайда объективті жауабы бар пациенттердің жалпы пайызы, BRAF тежегіштерін қабылдаған пациенттер арасындағы көрсеткішке қарағанда, траметиниб қабылдаған пациенттер арасында төмен болды.

BRAF тежегішімен ем кезінде ауруы үдеп кеткен меланомасы бар пациенттерде траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде

Осының алдында BRAF тежегішін қабылдағанда ауруы үдеп кеткен траметинибті дабра-фенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттер туралы шектеулі ғана деректер бар. Атап көрсетілген деректер осындай пациенттерде біріктірілім тиімділігінің төмен болуы мүмкін екенін көрсетеді (5.1 бөлімін қараңыз). Демек, бұрын BRAF тежегішін қабылдаған пациенттер қауымында траметинибтің дабрафенибпен біріктірілімін тағайындау алдында емдеудің басқа тәсілдерін қарастыру керек. BRAF тежегіштерімен ем кезінде үдеуден кейінгі емдеу режимдерінің бірізді реті белгіленбеді.

Жаңа қатерлі түзілімдер

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда терінің және басқа ағзалардың жаңа қатерлі түзілімдері туындауы мүмкін.

Терінің қатерлі жаңа түзілімдері

Терінің жалпақ жасушалы обыры (ТЖЖО)

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде ТЖЖО жағдайлары (кератоакантоманы қоса) хабарланды. ТЖЖО жағдайларын хирургиялық алып тастау жолымен емдеуге болады, ал емдеуді модификациялау қажет емес. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.4 бөлім).

Жаңа біріншілік меланома

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде жаңа біріншілік меланоманың туындауы хабарланды. Жаңа біріншілік меланома жағдайларын хирургиялық алып тастау жолымен емдеуге болады, ал емдеуді модификациялау қажет емес. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.4 бөлім).

Терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер

Дабрафениб өзінің әсер ету механизмі негізінде RAS мутациясы болатын терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер қаупін арттыруы мүмкін. Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.4 бөлім). RAS мутациясы оң нәтижелі қатерлі жаңа түзілімдерде траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда онымен емдеуге ешқандай модификация қажет емес.

Қан кетулер

Траметинибті монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде, қатты қан кетулер және өлімге соқтырған қан кетулер жағдайларын қоса, қан кету жағдайлары байқалды. Тромбоциттер мөлшері төмен (< 75 000) пациенттерде аталған құбылыстардың даму мүмкіндігі, осындай пациенттердің клиникалық зерттеулерден шығарылуы себепті, анықталмады. Қан кету қаупі антиагреганттық дәрілерді немесе антикоагулянттарды бір мезгілде қолданғанда артуы мүмкін. Егер қан кету туындаса, пациенттерді клиникалық көрсеткіштер бойынша емдеу керек.

СҚЛФ төмендеуі / Сол жақ қарынша дисфункциясы

Траметинибті монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда оның СҚЛФ төмендетуі хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Клиникалық зерттеулерде сол жақ қарынша дисфункциясының, жүрек жеткіліксіздігінің және СҚЛФ төмендеуінің туындауына дейінгі уақыт медианасы 2-ден 5 айға дейін құрады.

Сол жақ қарынша функциясының бұзылуымен қатар жүруі мүмкін аурулары бар пациенттерде траметиниб препаратын сақтықпен қолдану керек. Сол жақ қарынша дисфункциясы, Нью-Йорк кардиологиялық қауымдастығының жіктеуі бойынша II, III немесе IV класты жүрек жеткіліксіздігі, соңғы 6 айда болған жедел коронарлық синдромы, бақылауға көнбейтін клиникалық мәнді аритмиялары және бақыланбайтын артериялық гипертензиясы бар пациенттер клиникалық зерттеулерден шығарылды; демек осы қауымда препаратты қолдану қауіпсіздігі белгісіз. Пациенттердің бәрінде траметинибпен емдеуді бастар алдында, емнен кейін бір айдан соң және одан кейін әзірге ем жүргізу кезінде шамамен 3 айлық аралықтармен СҚЛФ бағалану керек (дозаны модификациялауға қатысты 4.2 бөлімін қараңыз).

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде миокардит туғызған сол жақ қарынша дисфункциясының ауыр түрінің туындауы хабарланды.

Емдеуді тоқтату кезінде толық сауығу байқалды. Дәрігерлер жүректің жаңа симптомдары немесе белгілері дамыған немесе аталған симптомдардың нашарлауы болған пациенттерде миокардиттің туындау ықтималдығына дайын болуы тиіс.

Пирексия

Монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде траметинибтің клиникалық зерттеулерінде қызбаның болуы хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Пирексияның жиілігі мен ауырлығы біріктірілген ем кезінде артады (дабрафенибті медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты қарау, 4.4 бөлім). Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде пирексия қатты қалтыраумен, сусызданумен және гипотензиямен қатар жүруі мүмкін, олар кейбір жағдайларда бүйрек функциясының жедел бұзылуына әкелуі мүмкін.

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда және пациент температурасы $\geq 38,5$ °C болғанда дабрафениб дозасын модификациялау үшін дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.2 бөлім). Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда оның дозасын модификациялау қажет емес.

Егер пациенттің температурасы $\geq 38,0$ °C болса, емді (траметиниб монотерапия ретінде пайдаланылғанда және траметиниб пен дабрафениб бірге пайдаланылғанда) үзген жөн (5.1-бөлімді қараңыз). Қайталану жағдайында гипертермияның алғашқы симптомдары пайда болған кезде де емді тоқтатуға болады. Ибупрофен немесе ацетаминофен / парацетамол сияқты ыстықты түсіретін дәрілермен емдеуді бастау керек. Пероральді кортикостероидтар пайдалануды ыстықты түсіретін дәрілер жеткіліксіз болған жағдайларда қарастыру керек. Пациенттерді инфекцияның белгілері мен симптомдары тұрғысынан тексеру керек. Қызба жоғалғаннан кейін емді жалғастыруға болады. Егер қызба басқа ауыр белгілермен немесе симптомдармен байланысты болса, емді қызба жоғалғаннан кейін, егер бұл клиникалық тұрғыдан орынды болса, азайтылған дозада жалғастыру керек (4.2 бөлімді қараңыз).

Артериялық гипертензия

Траметиниб препаратын бұрыннан келе жатқан артериялық гипертензиясы бар немесе онсыз пациенттерде қолданғанда артериялық қысымның көтерілу көріністері болды (4.8 бөлімін қараңыз). Артериялық қысымды бастапқы күйде өлшеу және оны траметинибпен емделу кезіндегі өзгерістерін қадағалау, ал артериялық гипертензияны стандартты дәрілер арқылы бақылап отыру керек.

Өкпенің интерстициальді ауруы (ӨИА)/Пневмонит

III фаза зерттеуінде траметиниб препаратымен ем қабылдаған пациенттердің 2,4%-да (5/211) ӨИА немесе пневмонит дамыды; пациенттердің бәріне ауруханаға жату қажет болды. ӨИА немесе пневмониттің бірінші көріністеріне дейінгі уақыт медианасы 160 күн (60-тан 172 күнге дейін) құрады. MEK115306 және MEK116513B зерттеулерінде, тиісінше, пневмонит немесе ӨИА траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттердің $<1\%$ -да (2/209) және 1% -да (4/350) дамыды (4.8 бөлімін қараңыз).

ӨИА немесе пневмонит күмәні бар пациенттер, жөтел, еңтігу, гипоксия, плевралық жалқық немесе инфильтраттарды қоса, жаңа немесе үдемелі өкпе белгілері мен симптомдары бар пациенттермен бірге клиникалық диагностикалық зерттеулер жүргізуге дейін траметинибпен емделуден бас тарту керек. Емдеумен байланысты ӨИА немесе пневмонит диагнозы қойылған пациенттерде траметинибпен емделуді түпкілікті тоқтату керек (4.2 бөлімін қараңыз). Егер траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда дабрафенибпен емді сол дозада жалғастыруға болады.

Көру қабілетінің бұзылуы

Траметинибті монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолдану кезінде, ТПЭА және ТВО қоса, көру қабілетінің бұзылуларымен байланысты бұзылыстар туындауы мүмкін. Клиникалық зерттеулерде анық көрмеу, көру өткірлігінің төмендеуі сияқты симптомдар және көру мүшесі тарапынан басқа құбылыстар аталды (4.8 бөлімін

қараңыз). Клиникалық зерттеулерде траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде сондай-ақ увеит пен иридоциклит сипатталды.

Траметиниб препаратын анамнезінде ТВО бар пациенттерде қолдану ұсынылмайды. Бақыланбайтын глаукома немесе көзішілік гипертензия, бақыланбайтын артериялық гипертензия, бақыланбайтын қант диабетін немесе тұтқырлық жоғарылауы синдромдарын немесе гиперкоагуляцияны қоса, ТВО бейімділік факторлары бар субъектілерде траметиниб қауіпсіздігі анықталмады.

Препаратпен ем қабылдап жүрген пациенттерде көру қабілетінің бұзылуына шағымдар туындағанда қосымша офтальмологиялық тексеру өткізу керек. Егер ТПЭА диагностикаланса, дозаны модификациялауды 3 кестедегі жоспарға сәйкес жүргізген жөн (4.2 бөлімін қараңыз); егер увеит диагностикаланса, дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын, 4.2 бөлімді қараңыз. ТВО диагностикаланған пациенттерде траметинибпен емдеуді түпкілікті тоқтату керек. ТВО немесе ТПЭА диагностикаланған соң дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қолданғанда дабрафениб дозасын модификациялау қажет емес. Увеит диагностикалануынан кейін траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылса, оның дозасын модификациялау қажет емес.

Бөртпе

Бөртпе траметинибпен монотерапия зерттеулерінде шамамен 60% пациентте және траметиниб пен дабрафениб біріктірілімінің зерттеулерінде пациенттердің 24% шамасында байқалды (4.8 бөлімін қараңыз). Атап көрсетілген жағдайлардың көпшілігі 1 және 2 дәрежеде болды және емдеуді тоқтату немесе дозаны азайту қажет болмады.

Рабдомиолиз

Траметинибті монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде рабдомиолиз хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Кейбір жағдайларда пациенттерге траметинибпен емделуді жалғастыру мүмкіндігі болды. Аса ауыр жағдайларда ауруханаға жатқызу, препаратпен емдеуді ұзу немесе толық тоқтату қажет болды. Рабдомиолиз белгілері мен симптомдары тиісті клиникалық бағалауға және көрсетілімдер бойынша емдеуге негіз болуы тиіс.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Клиникалық зерттеулерде траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде бүйрек функциясының бұзылуы анықталды. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.4 бөлім).

Панкреатит

Клиникалық зерттеулерде траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде панкреатит дамуы хабарланды. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз (4.4 бөлім).

Бауыр тарапынан болатын құбылыстар

Траметиниб препараты қолданылған клиникалық зерттеулерде бауыр тарапынан ЖР білінді (4.8 бөлімін қараңыз). Траметиниб препаратымен емдеу басталған соң 6 ай бойы әр 4 апта сайын бауыр функциясына бақылау жүргізу ұсынылады. Кейіннен, егер, клиникалық көрсетілімдері болса, бауыр функциясына мониторинг жалғасуы мүмкін.

Бауыр функциясының бұзылуы

Траметиниб шығарылатын негізгі жолдар метаболизм мен өтпен экскреция екендіктен, траметиниб бауыр функциясының ауырлығы орташа дәрежедегі бұзылулары немесе бауыр функциясының ауыр бұзылулары бар пациенттерде абайлап қолданылу керек (4.2 және 5.2 бөлімдерін қараңыз).

Терең веналар тромбозы (ТВТ) / өкпе артериясының эмболиясы (ӨАЭ)

Траметиниб монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда өкпе эмболиясы немесе терең веналар тромбозы туындауы мүмкін. ТВТ және ӨАЭ симптомдары туындаған жағдайда шұғыл медициналық жәрдемге жүгінген жөн. Өмірге қатерлі өкпе эмболиясында траметинибпен және дабрафенибпен емдеуді түпкілікті тоқтату керек.

Терінің ауыр жағымсыз реакциялары

Дабрафенибпен/траметинибпен біріктірілген еммен емделу кезінде өмірге қауіпті болуы немесе өлімге ұшыратуы мүмкін Стивенс Джонсон синдромын және эозинофилиямен және жүйелі симптомдармен (DRESS) болатын дәрілік реакцияны қоса, терінің күрделі жағымсыз реакциялары (ТКЖР) болған жағдайлар хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Емдеуді бастар алдында пациенттер белгілер мен симптомдар туралы хабарлануы және тері реакцияларын мұқият қадағалауы тиіс. ТКЖР болуын көрсететін белгілер мен симптомдар білінгенде дабрафениб пен траметиниб тоқтатылу керек.

Асқазан-ішек бұзылыстары

Траметинибті монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде, өліммен аяқталу оқиғаларын қоса, колит дамуы және асқазан-ішек жолының тесілуі хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Траметинибпен монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде емдеуді, дивертикулитті қоса, асқазан-ішек жолы тесілуінің, асқазан-ішек жолында метастаз дамуының қауіп факторлары бар және анамнезінде асқазан-ішек жолы тесілуінің анықталған қаупімен препараттарды қатар қолдануы болған пациенттерде сақтықпен жүргізген жөн.

Саркоидоз

Траметинибті дабрафенибпен біріктіріп қабылдайтын, негізінен теріні, өкпені, көзді және лимфа түйіндерін қамтитын науқастарда саркоидоз жағдайлары тіркелген. Көп жағдайда траметиниб пен дабрафенибпен емдеу жалғасты. Егер саркоидоз диагнозы қойылса, тиісті емдеуді қарастырған жөн. Саркоидозды аурудың прогрессиясы деп түсіндірмеу маңызды.

Натрий

Препарат құрамында бір таблеткаға 1 ммоль аздау натрий (23 мг) болады, бұл «құрамында натрий жоқ» дегенді білдіреді.

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Басқа дәрілік препараттардың траметинибке әсері

Траметиниб көбінесе гидролиздік ферменттер (мысалы, карбоксилэстераза) арқылы деацетилдену арқылы метаболизденетіндіктен, оның фармакокинетикасына басқа агенттер метаболизмдік өзара әрекеттесулер арқылы аз ықтималды ықпал етеді (5.2 бөлімін қараңыз). Осындай гидролиздік ферменттер арқылы дәрілер арасында болатын өзара әрекеттесулерді жоққа шығаруға болмайды және олар траметиниб әсеріне ықпал етуі мүмкін.

Траметиниб Р-гр эфлюксті тасымалдағышының *in vitro* субстраты болып табылады. Бауырлық Р-гр күшті тежелісінің траметиниб деңгейінің артуына әкелуі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайтындықтан, траметинибті дәрілік препараттармен – күшті Р-гр тежегіштерімен (мысалы, верапамил, циклоспорин, ритонавир, хинидин, итраконазол) бірге қолданғанда сақтық шарасын қадағалауға кеңес беріледі.

Траметинибтің басқа дәрілік препараттарға әсері

Алынған *in vitro* және *in vivo* деректері негізінде траметинибтің СYP ферменттерімен немесе тасымалдағыштармен өзара әсер ету арқылы басқа дәрілік препараттар фармакокинетикасына елеулі ықпал ету ықтималдығы аз деген тұжырым жасауға болады (5.2 бөлімін қараңыз). Траметиниб сүт безі обырының төзімділік ақуызы (BCRP) субстраттарының (мысалы, питавастатин) ішекте уақытша тежелуін туындата алады, оны көрсетілген агенттер мен траметинибті уақытынан кешеуілдетіп дозалау арқылы (2 сағат аралығымен) әбден азайтуға болады.

Клиникалық деректер негізінде траметинибпен монотерапияны және гормональді контрацептивтерді бір мезгілде қолданғанда олардың тиімділігін жоғалту күтілмейді (5.2-бөлімді қараңыз).

Дабрафенибпен біріктірілімі

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда дабрафенибтің өзара әрекеттесуі баяндалған дабрафенибтің қысқаша сипаттамасының 4.2 және 5.2 бөлімдерін қараңыз.

Ас ішудің траметинибке әсері

Пациенттер траметинибті монотерапия режимінде немесе дабрафенибпен біріктірілімде, тамақ траметинибтің сінуіне әсер ететіндіктен, ас ішуден кемінде бір сағат бұрын немесе ас ішуден кейін екі сағат өткен соң қабылдау керек (4.2 және 5.2 бөлімдерін қараңыз).

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Бала туу жасындағы әйелдер / әйелдерге арналған контрацепция

Бала туу жасындағы әйелдерге траметинибпен емделу кезінде және емдеуді тоқтатудан кейін 16 апта бойы контрацепцияның тиімді әдістерін қолдану кеңесі беріледі.

Қазіргі уақытта траметинибтің гормональді контрацептивтерге ықпал ету-етпеуі белгісіз. Жүктіліктен сақтану үшін гормональді контрацепция қолданатын әйелдерге траметинибпен емделу кезінде және траметинибпен емделуді тоқтатудан кейін 16 апта бойы қосымша немесе баламалы әдісті қолдану кеңесі беріледі.

Дабрафенибпен бір мезгілде қолдану гормональді контрацептивтер тиімділігін азайтуы мүмкін, демек, траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда контрацепцияның баламалы әдісін, мысалы, бөгеттік әдісті қолдану керек. Қосымша ақпаратты дабрафенибтің қысқаша сипаттамасынан табуға болады.

Жүктілік

Жүкті әйелдерде траметинибтің талапқа сай және тиісті бақыланатын зерттеулері жоқ. Жануарларға жүргізілген зерттеулер тұқым өрбіту функциясына уыттылығын көрсетті (5.3 бөлімін қараңыз). Траметинибті жүкті әйелдерге немесе бала емізетін аналарға қолдануға болмайды. Егер траметиниб жүктілік уақытында қолданылса немесе егер пациент әйел траметиниб қабылдау тұсында жүкті болып қалса, пациент әйелді шарана үшін ықтималды қауіптен хабардар ету керек.

Бала емізу

Траметинибтің адамның емшек сүтіне бөліну-бөлінбеуі белгісіз. Көптеген дәрілік препараттар адамның емшек сүтіне бөлінетіндіктен, емшекпен қоректенетін сәби үшін қауіп жоққа шығаруға болмайды. Сәби үшін емшекпен қоректенудің пайдасын және әйел үшін емнің пайдасын ескере отырып, не бала емізуді тоқтату, не траметинибпен емдеуді тоқтату шешімі қабылдануы тиіс.

Фертильділік

Траметинибті монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған адамдардан алынған деректер жоқ. Жануарларда фертильділік зерттеулері жүргізілмеді, бірақ ұрғашылардың тұқым өрбіту ағзаларында жағымсыз әсерлері байқалды (5.3 бөлімін қараңыз). Траметиниб адамдарда фертильділікті бұзуы мүмкін.

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдайтын ерлер

Дабрафенибпен қабылдаған жануарларда сперматогенезге әсерлері байқалды. Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдайтын ерлер сперматогенез бұзылуының қайтымсыз болуы мүмкін ықтималды қауіп туралы хабарлануы тиіс. Қосымша ақпаратты дабрафенибтің қысқаша сипаттамасынан табуға болады.

4.7 Көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсері

Траметиниб көлік құралдарын басқару және әртүрлі механизмдерді пайдалану қабілетіне мардымсыз ықпал етеді. Пациенттің пайымды бағалауды, қимыл-қозғалыс және когнитивтік дағдыларды талап ететін міндеттерді орындау қабілетіне баға бергенде пациенттің клиникалық жай-күйі мен жағымсыз реакциялар бейіні ескерілуі тиіс. Пациенттер өздерінің қызметіне кедергі болуы мүмкін қатты қажу, бас айналу немесе көру қабілетінің кінәраттары туралы білуі тиіс.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейініне шолу

МЕК114267, МЕК113583 және МЕК111054 зерттеулерінде күніне бір рет 2 мг траметиниб қабылдаған BRAF V600 мутациясымен операция жасалмайтын немесе метастаздық меланомасы бар 329 пациенттен тұратын қауіпсіздік бағалауы үшін біріккен қауымдағы траметиниб қауіпсіздігі монотерапияда бағаланды. Атап көрсетілген пациенттерден 211 пациент траметинибті МЕК114267 (METRIC) III фазасының ашық рандомизацияланған зерттеуінде BRAF V600 мутациясымен меланоманы емдеу үшін қабылдады (5.1 бөлімін қараңыз). Траметинибке тән ең көп жиі жағымсыз реакциялары (жиілігі > 20%) бөртпе, диарея, қажу, шеткері ісінулер, жүрек айну және акне тәрізді дерматитті қамтыды.

Дабрафенибпен біріктірілімде траметиниб қауіпсіздігі BRAF V600 гені мутациясымен (адьювантты емдеу) және таралған ӨҰЖО бар III сатыдағы меланомасына жасалған түбегейлі резекциядан кейін тәулігіне екі рет 2 мг траметинибпен және тәулігіне бір рет 150 мг дабрафенибпен ем қабылдаған BRAF V600 мутациясымен операция жасалмайтын немесе метастаздық меланомасы бар 1076 пациенттен қауіпсіздігін бағалау мақсатында біріккен іріктеуде бағаланды. Осы пациенттер санынан 559 адам МЕК115306 (COMBI-d) және МЕК116513 (COMBI-v) III фазасының рандомизацияланған екі зерттеуінде BRAF V600 мутациясы бар меланоманы емдеу үшін біріктірілген ем қабылдады; 453 пациент BRF115532 (COMBI-AD) III фазасының рандомизацияланған зерттеуінде BRAF V600 гені мутациясымен III сатыдағы меланомасына жасалған түбегейлі резекциядан кейін біріктірілген адьювантты ем қабылдады, ал BRAF V600 мутациясымен 82 пациент бірнеше қауымдағы BRF113928 II фазасының рандомизацияланбаған зерттеуінде ӨҰЖО себебімен ем қабылдады (5.1 бөлімін қараңыз).

Дабрафенибпен біріктірілген траметинибпен ем кезіндегі ең көп жиі жағымсыз реакциялар (жиілігі > 20%) қызба, шаршау, жүрек айну, қалтырау, бас ауыру, диарея, құсу, артралгия және бөртпені қамтыды.

Кесте түрінде жағымсыз реакцияларға шолу

Жағымсыз реакциялар MedDRA реттеу қызметінің медициналық сөздігіндегі ағзалар жүйесі кластарына сәйкес төменде тізбеленді.

Жиілігін бағалау үшін мына критерийлер пайдаланылды:

Өте жиі $\geq 1/10$

Жиі $\geq 1/100$ -ден < 1/10 дейін

Жиі емес $\geq 1/1\ 000$ -нан < 1/100 дейін

Сирек $\geq 1/10\ 000$ -нан < 1/1\ 000 дейін

Белгісіз (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес)

Санаттар клиникалық зерттеулер деректеріндегі абсолютті жиіліктер негізінде берілді.

Әр топ шегінде туындау жиілігі жағымсыз реакциялар ауырлығының кему ретімен берілді.

4 кесте. Траметинибпен монотерапия қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде (n = 329) тіркелген жағымсыз дәрілік реакциялар

Жүйе-ағза класы	Жиілігі (барлық дәрежелері)	Жағымсыз реакциялар
Инфекциялар мен инвазиялар	<u>Жиі</u>	<u>Фолликулит</u>
		<u>Паранихия</u>
		<u>Флегмона</u>
		<u>Пустулезді бөртпе</u>
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	<u>Анемия</u>
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	<u>Аса жоғары сезімталдық³</u>
Зат алмасу және тамақтану тарапынан	<u>Жиі</u>	<u>Сусыздану</u>

бұзылулар			
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	<u>Анық көрмеу</u> <u>Көз ұясы ішіндегі ісіну</u> <u>Көру қабілетінің бұзылуы</u>	
	<u>Жиі емес</u>	<u>Хориоретинопатия</u> <u>Көру жүйкесі дискісінің ісінуі</u> <u>Торқабық ажырауы</u> <u>Торқабық венасының окклюзиясы</u>	
		<u>Сол жақ қарынша дисфункциясы</u> <u>Лықсыту фракциясының төмендеуі</u> <u>Брадикардия</u>	
		<u>Жүрек жеткіліксіздігі</u>	
	Жүрек тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	
<u>Жиі емес</u>			
Қантамырлар тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Гипертензия</u> <u>Қан кету^b</u>	
	<u>Жиі</u>	<u>Лимфа ісінуі</u>	
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Жөтел</u> <u>Ентігу</u>	
	<u>Жиі</u>	<u>Пневмонит</u>	
	<u>Жиі емес</u>	<u>Өкпенің интерстициальді ауруы</u>	
Асқазан-ішек жолы тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Диарея</u> <u>Жүрек айнуы</u> <u>Күсу</u> <u>Іштің қатуы</u> <u>Іштің ауыруы</u> <u>Ауыздың кеберсуі</u>	
		<u>Жиі</u>	<u>Стоматит</u>
		<u>Жиі емес</u>	<u>Асқазан-ішек жолының перфорациясы</u> <u>Колит</u>
		Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>
	<u>Жиі</u>		
<u>Жиі емес</u>	<u>Рабдомиолиз</u>		
Тірек-қимыл аппараты және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	<u>Жиі емес</u>		
Жалпы бұзылыстар және препарат енгізілген жердегі бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Қажу</u> <u>Шеткері ісіну</u> <u>Пирексия</u>	
		<u>Жиі</u>	<u>Бет ісінуі</u> <u>Шырышты қабықтар қабынуы</u> <u>Астения</u>
	<u>Өте жиі</u>		<u>Аспаргатаминотрансфераза денгейінің жоғарылауы</u>
	Диагностикалық зерттеулер		

	<u>Жиі</u>	<u>Аланинаминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы</u>
		<u>Қандағы сілтілік фосфатаза деңгейінің жоғарылауы</u>
		<u>Креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы</u>
<p>^a Келесі симптомдар қосылуы мүмкін: қызба, бөртпе, бауыр трансаминазалары деңгейінің жоғарылауы және көру қабілетінің бұзылуы^b Құбылыстар онымен шектелмей, мыналарды қамтиды: мұрыннан қан кетулер, нәжісте жаңа шыққан қанның болуы, қызыiekтер қанағаштығы, гематурия, геморроид текті, асқазаннан, қынаптық, конъюнктивалық, бассүйекішілік қан кету және емшаралардан кейін қан кету.</p>		

5 кесте. МЕК115306, МЕК116513^a, BRF113928 және BRF115532 зерттеулерінде дабрафенибпен біріктірілген траматинибпен ем қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде (n=1076) тіркелген жағымсыз дәрілік реакциялар

Жүйе-ағза класы	Жиілігі (барлық дәрежелері)	Жағымсыз реакциялар
Инфекциялар мен инвазиялар	<u>Өте жиі</u>	<u>Назофарингит</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Несеп шығару жолдарының инфекциясы</u>
		<u>Флегмона</u>
		<u>Фолликулит</u>
		<u>Паранихия</u>
		<u>Пустулезді бөртпе</u>
Қатерсіз, қатерлі және анықталмаған жаңа түзілімдер (кисталар мен полиптерді қоса)	<u>Жиі</u>	<u>Терінің жалпақ жасушалы карциномасы^b</u>
		<u>Папиллома^c</u>
		<u>Себореялық кератоз</u>
	<u>Жиі емес</u>	<u>Жаңа біріншілік меланома^d</u>
		<u>Акрохордон (жұмсақ фибромалар)</u>

Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	<u>Нейтропения</u>
		<u>Анемия</u>
		<u>Тромбоцитопения</u>
		<u>Лейкопения</u>
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	<u>Жиі емес</u>	<u>Аса жоғары сезімталдық ^e</u>
		<u>Саркоидоз</u>
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Тәбеттің төмендеуі</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Сусыздану</u>
		<u>Гипонатриемия</u>
		<u>Гипофосфатемия</u>
		<u>Гипергликемия</u>
Жүйке жүйесінің бұзылуы	<u>Өте жиі</u>	<u>Бас ауыру</u> <u>Бас айналу</u>
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	<u>Анық көрмеу</u>
		<u>Көру қабілетінің бұзылуы</u>
		<u>Увеит</u>
	<u>Жиі емес</u>	<u>Хориоретинопатия</u> <u>Торқабық ажырауы</u> <u>Көз маңының ісінуі</u>
Жүрек тарапынан бұзылулар	<u>Жиі</u>	<u>Лыксыту фракциясының төмендеуі</u>
	<u>Жиі емес</u>	<u>Брадикардия</u>
	<u>Белгісіз</u>	<u>Миокардит</u>
Қантамырлар тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Гипертензия</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Қан кету ^f</u>
		<u>Лимфа ісінуі</u>
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Жөтел</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Ентігу</u>
	<u>Жиі емес</u>	<u>Пневмонит</u>
Асқазан-ішек бұзылыстары	<u>Өте жиі</u>	<u>Іштің ауыруы ^g</u>
		<u>Іштің қатуы</u>
		<u>Диарея</u>
		<u>Жүрек айнуы</u>
		<u>Құсу</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Ауыздың кеберсуі</u> <u>Стоматит</u>
<u>Жиі емес</u>	<u>Панкреатит</u> <u>Колит</u>	
<u>Сирек</u>	<u>Асқазан-ішек жолының перфорациясы</u>	
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Терінің құрғап кетуі</u>
		<u>Қышыну</u>
		<u>Бөртпе</u>
		<u>Эритема ^{* 1}</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Акне тәрізді дерматит</u> <u>Актиниялық кератоз</u> <u>Түнде терлеу</u>

		<u>Гиперкератоз</u>
		<u>Алоpecia</u>
		<u>Алақан-табан эритродизестезиясы</u>
		<u>Терінің зақымдануы</u>
		<u>Гипергидроз</u>
		<u>Панникулит</u>
		<u>Терідегі сызаттар</u>
		<u>Фотосезімталдық реакциясы</u>
	Белгісіз	<u>Стивенс-Джонсон синдромы</u>
		<u>Эозинофилия мен жүйелі симптомдар кезіндегі дәрі-дәрмектен болатын реакция</u>
		<u>Жайылған қабыршақтанатын дерматит</u>
Сүйек-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Артралгия</u>
		<u>Миалгия</u>
		<u>Аяқ-колдың ауыруы</u>
		<u>Бұлшықеттер түйілуі¹</u>
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан	<u>Жиі емес</u>	<u>Бүйрек функциясының бұзылуы</u>
		<u>Нефрит</u>
Жалпы бұзылыстар және препарат енгізілген жердегі бұзылулар	<u>Өте жиі</u>	<u>Қажу</u>
		<u>Қалтырау</u>
		<u>Астения</u>
		<u>Шеткері ісіну</u>
		<u>Пирексия</u>
		<u>Тұмау тәрізді ауру</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Шырышты қабықтар қабынуы</u>
		<u>Бет ісінуі</u>
Зертханалық зерттеулер	<u>Өте жиі</u>	<u>Аланинаминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы</u>
		<u>Аспартатаминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы</u>
	<u>Жиі</u>	<u>Қандағы сілтілік фосфатаза деңгейінің жоғарылауы</u>
		<u>Гамма-глутамилтрансфераза деңгейінің жоғарылауы</u>
		<u>Креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы</u>
<p>^a MEK116513 зерттеуіндегі қауіпсіздік бейіні, келесі сәттерді қоспағанда, жалпы MEK115306 қауіпсіздік бейінімен ұқсас: 1) MEK115306 салыстыруы бойынша келесі жағымсыз реакциялардың жиілік санаты өте жоғары болды: бұлшықеттер түйілуі (өте жиі); бүйрек функциясының бұзылуы және лимфа ісінуі (жиі); бүйрек функциясының жедел бұзылуы (жиі емес); 2) MEK116513 зерттеуінде келесі жағымсыз реакциялар туындады, бірақ MEK115306 зерттеуінде емес: жүрек жеткіліксіздігі, сол жақ қарынша дисфункциясы, өкпенің интерстициальді ауруы, рабдомиолиз (жиі емес). 3) MEK116513 және BRF115532 зерттеулерінде келесі жағымсыз реакциялар туындады: рабдомиолиз (жиі емес)</p> <p>^b Терінің жалпақ жасушалы карциномасы (ЖЖК): b ЖЖК, тері ЖЖК және <i>in situ</i> ЖЖК (Боуэн ауруы) және кератокарцинома</p> <p>^c Папиллома, тері папилломасы</p>		

- ^d Қатерлі меланома, метастазды қатерлі меланома және беткейлік таралған III сатыдағы меланома
- ^e Дәрілік жақпаушылық қамтылады
- ^f Бассүйекішілік қан кетуді және өлімге соқтыратын қан кетуді қоса, әртүрлі ағзалардан қан кету
- ^g Іштің жоғарғы және төменгі бөлігінің ауыруы
- ^h Эритема, жайылған эритема
- ⁱ Бұлшықеттер түйілуі, сүйек-бұлшықеттің қарысуы

Таңдамалы жағымсыз реакциялар сипаттамасы

Жаңа қатерлі түзілімдер

Траметиниб дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда терінің және басқа ағзалардың жаңа қатерлі түзілімдері туындауы мүмкін. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз.

Қан кетулер

Траметинибті монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде, қатты қан кету және өлімге соқтыратын қан кету жағдайларын қоса, қан кету жағдайлары туындады. Қан кетулердің көпшілігі жеңіл болды. Дабрафенибпен біріктірілімде траметиниб қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде тіркелген өлімге соқтыратын бассүйекішілік қан кету жағдайлары < 1% (8/1076) болды. Драмрафинибпен біріктірілімде траметиниб қабылдау кезіндегі алғашқы геморрагиялық құбылыстың басталуына дейінгі уақыт медианасы меланомасы бар пациенттерде 94 күн және бұрын ісікке қарсы емнен өткен пациенттердегі ӨҰЖО зерттеуінде 75 күн құрады. Қан кету қаупі антиагреганттық дәрілерді немесе антикоагулянттарды бір мезгілде қолданғанда артуы мүмкін. Егер қан кету туындаса, пациентті клиникалық көрсетілімдер бойынша емдеу керек (4.4 бөлімін қараңыз).

СҚЛФ төмендеуі /Сол жақ қарынша дисфункциясы

Траметинибтің оны монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қолданғанда СҚЛФ төмендететіні хабарланды. Клиникалық зерттеулерде сол жақ қарынша дисфункциясының, жүрек жеткіліксіздігінің және СҚЛФ төмендеуінің бірінші білінуіне дейінгі уақыт медианасы 2-ден 5 айға дейін құрады. Дабрафенибпен біріктірілімде траметиниб қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде тіркелген СҚЛФ төмендеу жағдайлары 6% (65/1076) құрады, осы орайда жағдайлардың көпшілігі симптомсыз және қайтымды болды. СҚЛФ нақты мекемеде белгіленген қалыптың төменгі шегінен аз болған пациенттер траметинибтің клиникалық зерттеулерінде қамтылмаған. Сол жақ қарынша функциясын бұзуы мүмкін патологиялары бар пациенттерде траметинибті сақтықпен қолдану керек (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Пирексия

Монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде траметинибтің клиникалық зерттеулерінде пирексияның білінуі хабарланды; алайда пирексияның жиілігі мен ауырлығы біріктірілген ем кезінде артады. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын, 4.4 және 4.8 бөлімдерін қараңыз.

Бауыр тарапынан болатын құбылыстар

Монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде траметинибтің клиникалық зерттеулерінде бауыр тарапынан жағымсыз құбылыстар хабарланды. Бауыр тарапынан болған ЖҚ арасында ең көп жиілері АЛТ және АСТ деңгейінің жоғарылауы болды, ал олардың көпшілігі 1 немесе 2 дәрежеде болды. Траметинибпен монотерапия үшін бауыр тарапынан көрсетілген жағымсыз құбылыстардың 90%-дан астамы емдеудің алғашқы 6 айында туындады. Бауыр тарапынан құбылыстар клиникалық зерттеулерде бауыр функциясына төрт аптада бір рет мониторинг өткізумен анықталды. Траметинибті монотерапияда немесе дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде 6 ай бойы әр төрт апта сайын бауыр функциясына мониторинг өткізу ұсынылады. Бауыр

функциясына мониторингті, егер ол үшін клиникалық көрсетілімдер бар болса, одан кейін де жалғастыруға болады (4.4 бөлімін қараңыз).

Артериялық гипертензия

Траметинибті монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаудың бұрыннан келе жатқан артериялық гипертензиясы бар немесе онсыз пациенттерде артериялық қысымның көтерілуімен астасатыны хабарланды. Артериялық қысымды бастапқы күйде өлшеу және емдеу кезінде оны қадағалау, ал қажет болса, артериялық гипертензияны стандартты ем көмегімен бақылауға алу керек (4.4 бөлімін қараңыз).

Өкпенің интерстициальді ауруы (ӨИА)/Пневмонит

Траметинибті монотерапияда және дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде ӨИА немесе пневмонит дамуы мүмкін. ӨИА немесе пневмонит күмәні бар пациенттер, жөтел, ентигу, гипоксия, плевралық жалқық немесе инфильтраттарды қоса, жаңа немесе үдемелі өкпе белгілері мен симптомдары бар пациенттермен бірге клиникалық диагностикалық зерттеулер жүргізуге дейін траметинибпен емделуден бас тарту керек. Емдеумен байланысты ӨИА немесе пневмонит диагнозы қойылған пациенттерде траметинибпен емдеуді түпкілікті тоқтату керек (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Көру қабілетінің бұзылуы

Траметинибпен емделу кезінде, ТПЭА және ТВО қоса, көру қабілетінің бұзылуларымен астасқан бұзылыстар туындауы мүмкін. Анық көрмеу, көру өткірлігінің төмендеуі сияқты симптомдар және басқа көру құбылыстары траметиниб қолданылған клиникалық зерттеулерде сипатталды (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Бөртпе

Бөртпе қауіпсіздікті бағалау мақсатында біріккен қауымда траметинибпен монотерапия зерттеулерінде пациенттердің 60% шамасында және траметиниб пен дабрафениб біріктірілімінің зерттеулерінде пациенттердің 25% шамасында байқалды. Атап көрсетілген жағдайлардың көпшілігі 1 және 2 дәрежеде болды және емдеуді тоқтатуды немесе дозаны азайтуды талап етпеді (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Рабдомиолиз

Траметинибтің өзін немесе оны дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде рабдомиолиз сипатталды. Рабдомиолиз белгілері мен симптомдары тиісті клиникалық бағалау және көрсетілімдер бойынша емдеуге негіз болуы тиіс (4.4 бөлімін қараңыз).

Панкреатит

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде панкреатит пайда болуы хабарланды. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Траметинибті дабрафенибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде бүйрек функциясы бұзылуының дамуы хабарланды. Дабрафенибтің қысқаша сипаттамасын қараңыз.

Пациенттердің ерекше топтары:

Егде жастағы пациенттер

Операция жасалмайтын немесе метастаздық меланомасы бар пациенттерде III фазада жүргізілген траметиниб зерттеуінде (n=211) 49 пациент (23%) жасы ≥ 65 болды, ал 9 пациент (4%) жасы ≥ 75 болды. Жағымсыз құбылыстарды (ЖҚ) және күрделі жағымсыз құбылыстарды (КЖҚ) өткерген субъектілер пайызы 65 жастан аспаған және ≥ 65 жастағы субъектілерде ұқсас болды. Дәрілік препаратты түпкілікті тоқтатуға, дозаны азайтуға және емдеуді тоқтата тұруға әкелетін ЖҚ ≥ 65 жастағы пациенттерде, 65 жастан аспаған пациенттерге қарағанда, зор ықтималдықпен дамыды.

По данным популяционного фармакокинетического анализа (диапазон возрастов 19 – 92 года) возраст не оказывает значительного влияния на фармакокинетику траметиниба. Данные о безопасности у пациентов >75 лет ограничены (см. раздел 4.8).

Раса

Для оценки потенциального влияния расы на фармакокинетику траметиниба данных недостаточно, поскольку опыт клинического применения ограничивается европеоидной расой.

Дети

Исследований по оценке фармакокинетики траметиниба у педиатрических пациентов не проводилось.

Вес тела и пол

На основании популяционного фармакокинетического анализа было показано, что пол и масса тела влияют на клиренс траметиниба при пероральном приеме. Хотя есть тенденция к тому, что более миниатюрные субъекты женского пола могут иметь более высокое воздействие, чем субъекты мужского пола с большей массой тела, такие различия с малой вероятностью могут быть клинически значимыми, и оснований для корректировки дозы нет.

Взаимодействия с другими препаратами

Влияние траметиниба на ферменты, метаболизирующие лекарственные препараты, и белки-переносчики. Исходя из данных, полученных *in vitro* и *in vivo*, траметиниб вряд ли влияет на фармакокинетику других лекарственных препаратов. *In vitro*, траметиниб не является ингибитором изоферментов CYP1A2, CYP2A6, CYP2B6, CYP2D6 и CYP3A4. *In vitro* траметиниб является ингибитором изоферментов CYP2C8, CYP2C9 и CYP2C19, индуктором изофермента CYP3A4 и ингибитором белков-переносчиков OAT1, OAT3, OCT2, MATE1, OATP1B1, OATP1B3, P-gp и BCRP. Однако вследствие низкой дозы и низкого клинического системного воздействия относительно активности *in vitro* для показателей ингибирования или индукции, траметиниб не рассматривается как ингибитор или индуктор указанных ферментов или переносчиков *in vivo*, хотя может происходить временное ингибирование субстратов BCRP в кишечнике (см. раздел 4.5). Влияние других лекарственных препаратов на траметиниб. Данные, *in vitro* и *in vivo*, указывают на то, что другие препараты, вероятно, не влияют на фармакокинетику траметиниба. Траметиниб не является субстратом для изоферментов системы цитохрома или белков-переносчиков BCRP, OATP1B1, OATP1B3, OATP2B1, OCT1, MRP2 и MATE1. Траметиниб является *in vitro* субстратом BSEP и эффлюксным переносчиком P-gp. Хотя ингибирование BSEP с малой вероятностью может влиять на воздействие траметиниба, нельзя исключать повышения уровня траметиниба при сильном ингибировании печеночного P-gp (см. раздел 4.5).

5.3 Данные доклинической безопасности

Исследования канцерогенности с траметинибом не проводились. Траметиниб не был генотоксичен в исследованиях, где оценивались обратные мутации у бактерий,

хромосомные aberrации в клетках млекопитающих и микронуклеусы в костном мозге крыс.

Траметиниб может нарушать фертильность у человека, поскольку в исследованиях многократного введения у самок крыс при воздействии ниже клинического воздействия у людей на основании AUC наблюдалось увеличение кистозных фолликулов и уменьшение числа желтых тел.

Кроме того, у молодых крыс, получавших траметиниб, наблюдалось уменьшение массы яичников, небольшая задержка в развития женских половых признаков (открытие влагалища и повышенная частота терминальных концевых почек в молочных железах) и легкая гипертрофия поверхностного эпителия матки. Все перечисленные воздействия были обратимы после периода без лечения, и их приписывали фармакологическому действию препарата. Однако в исследованиях токсичности у крыс и собак длительностью до 13 недель воздействие лечения на ткани репродуктивной системы самцов выявлено не было.

В исследованиях эмбриофетальной токсичности у крыс и кроликов траметиниб вызывал токсичность для матери и для развития плодов. У крыс при воздействиях ниже или немного выше клинического воздействия на основании AUC отмечалось уменьшение массы плодов и увеличение частоты постимплантационной гибели плодов. В исследованиях эмбриофетальной токсичности у беременных кроликов при субклинических уровнях воздействия (на основании AUC) наблюдалось снижение массы тела плодов, увеличение числа выкидышей, увеличение частоты неполного окостенения и пороков развития скелета.

В исследованиях токсичности многократных доз воздействия, наблюдаемые после воздействия траметиниба, выявлялись главным образом в коже, желудочно-кишечном тракте, системе крови, в костях и печени. Большинство изменений были обратимы после периода восстановления без применения препарата. У крыс после 8 недель применения $>0,062$ мг/кг/день (приблизительно 0,8 от клинического воздействия у человека на основании AUC) наблюдался некроз клеток печени и повышение уровня трансаминаз.

У мышей после 3 недель применения $>0,25$ мг/кг/день траметиниба (приблизительно в 3 раза выше клинического воздействия у человека на основании AUC) наблюдалось уменьшение частоты сердечных сокращений, массы сердца и ухудшение функции левого желудочка до 3 недель. У взрослых крыс минерализация многих органов была ассоциирована с повышенным уровнем фосфора в сыворотке крови и была тесно связана с некрозом в сердце, печени и почках, а также с кровоизлияниями в легкие при воздействии, сопоставимом с клиническим воздействием у человека. У крыс наблюдалась гипертрофия метафизарной пластинки и усиленное remodelирование кости, но предполагается, что гипертрофия метафизарной пластинки не должна быть клинически значимой для взрослых людей. У крыс и собак, получавших траметиниб, в дозах, соответствующих или ниже, чем клиническое воздействие, наблюдались некроз костного мозга, атрофия лимфоидной ткани в тимусе и лимфоидной ткани, ассоциированной с ЖКТ, некроз лимфоидной ткани в лимфатических узлах, селезенке и тимусе, которые могут потенциально нарушать иммунную функцию. У молодых крыс при дозе $0,35$ мг/кг/день (приблизительно в 2 раза выше клинического воздействия у человека на основании AUC) наблюдалось увеличение массы сердца без гистопатологических изменений.

Траметиниб был фототоксичен в анализе с фибробластами мыши *in vitro* с захватом нейтрального красного 3Т3 (NRU) при концентрациях, значительно превышающих клиническое воздействие (IC_{50} при дозе $2,92$ мкг/мл, ≥ 130 раз выше клинического воздействия на основании $Stax$), что указывает на низкий риск фототоксичности для пациентов, принимающих траметиниб.

Комбинация с дабрафенибом

В исследовании на собаках, в котором траметиниб и дабрафениб применяли в сочетании

в течение 4 недель признаки токсичности для желудочно-кишечного тракта и сниженной насыщенности клетками в лимфоидной ткани тимуса наблюдались при воздействиях, ниже, чем воздействие у собак, получавших только траметиниб. С другой стороны, наблюдалась токсичность, которая была сходна с данными сопоставимых исследований монотерапии.

6. ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА

6.1 Перечень вспомогательных веществ

Маннитол

Целлюлоза микрокристаллическая

Гипромеллоза 2910

Натрия кроскармеллоза

Натрия лаурилсульфат

Кремния диоксид коллоидный безводный

Магния стеарат

Состав оболочки:

Опадрай® желтый 03B120006

Опадрай® розовый YS-1-14762-A

Вода очищенная

Состав Опадрай® желтый 03B120006:

Гипромеллоза (E464)

Титана диоксид (E171)

Макрогол

Железа оксид желтый (E172)

Состав Опадрай® розовый YS-1-14762-A:

Гипромеллоза (E464)

Титана диоксид (E171)

Макрогол

Полисорбат 80 (E433)

Железа оксид красный (E172)

6.2 Несовместимость

Не применимо.

6.3 Срок годности

2 года

Не применять по истечении срока годности

6.4 Особые меры предосторожности при хранении

В оригинальной упаковке, в холодильнике при температуре 2 °– 8 °С, в защищенном от света и влаги месте.

Не извлекать влагопоглотитель!

6.5 Форма выпуска и упаковка

По 30 таблеток помещают в непрозрачный пластиковый флакон из полиэтилена высокой плотности с защитной термозапечатываемой прокладкой из алюминиевой фольги и полиэтилена, с накручивающейся крышкой с предохранением от вскрытия детьми. В каждом флаконе содержится осушитель силикагель.

По 1 флакону вместе с инструкцией по медицинскому применению на казахском и русском языках помещают в пачку из картона.

6.6 Особые меры предосторожности при уничтожении использованного лекарственного препарата или отходов, полученных после применения лекарственного препарата или работы с ним

Особые требования отсутствуют.

6.7 Условия отпуска из аптек

По рецепту

7. ДЕРЖАТЕЛЬ РЕГИСТРАЦИОННОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ

Новартис Фарма АГ
Лихтштрассе 35
4056 Базель, Швейцария
тел.: (727) 258-24-47
e-mail: drugsafety.cis@novartis.com

**7.1 ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ДЕРЖАТЕЛЯ РЕГИСТРАЦИОННОГО
УДОСТОВЕРЕНИЯ**

Претензии потребителей направлять по адресу:
Филиал компании Новартис Фарма Сервисэз АГ в Республике Казахстан
050022 г. Алматы, ул. Курмангазы, 95
тел.: (727) 258-24-47
e-mail: drugsafety.cis@novartis.com

8. НОМЕР РЕГИСТРАЦИОННОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ

РК-ЛС-5№023074, РК-ЛС-5№023075

**9. ДАТА ПЕРВИЧНОЙ РЕГИСТРАЦИИ (ПОДТВЕРЖДЕНИЯ
РЕГИСТРАЦИИ, ПЕРЕРЕГИСТРАЦИИ)**

Дата первичной регистрации: 27 июня 2017 г.

10. ДАТА ПЕРЕСМОТРА ТЕКСТА

Общая характеристика лекарственного препарата доступна на официальном сайте
<http://www.ndda.kz>

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2022 ж. «29» наурыздың
№ N050111 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ АТАУЫ

Тафинлар 75 мг, капсулалар

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1 Жалпы сипаттамасы

Дабрафениб

2.2 Сапалық және сандық құрамы

Бір капсуланың құрамында

белсенді зат - 88,88 мг микрондалған дабрафениб мезилаты (75,00 мг дабрафенибке шакқанда).

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1 тармағынан қараңыз.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Капсулалар.

Күңгірт-қызғылт түсті корпусы мен қақпақшасы, «GS LHF» және «75 mg» таңбасы бар мөлдір емес капсулалар, өлшемі №1.

Капсула ішінде - ақ түсті немесе сәл боялған ұнтақ.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

4.1. Қолданылуы

- BRAF V600 гені мутациясымен резекция жасалмайтын немесе метастаздық меланома бар пациенттерді монотерапия ретінде және траметинибпен біріктірілімде емдеу
- BRAF V600 гені мутациясымен резекция жасалатын III сатыдағы меланома бар ересек пациенттерді емдеу үшін адьювантты ем ретінде траметинибпен біріктірілімде
- BRAF V600 гені мутациясымен таралған өкпенің ұсақ жасушалы емес обыры бар пациенттерді траметинибпен біріктірілімде емдеу

4.2. Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Тафинлар препаратымен емдеу ісікке қарсы препараттарды қолдану тәжірибесі бар дәрігердің қадағалауымен жүргізілуі тиіс.

Тафинлар препаратын қабылдау басталуына дейін бекітілген және валидацияланған тест көмегімен BRAF V600 генінің мутациясын растау қажет.

Меланоманы немесе жабайы типті BRAF гені мутациясымен өкпенің ұсақ жасушалы емес обырын емдеуде Тафинлар препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған. Тафинлар препаратын жабайы типті BRAF гені мутациясымен меланоманы немесе өкпенің ұсақ жасушалы емес обырын емдеуде қолдануға болмайды.

Дозалары

Ұсынылатын доза тәулігіне 2 рет 150 мг (75 мг-ден 2 капсула) құрайды, бұл Тафинлар препаратын монотерапия ретінде де, траметинибпен біріктірілімде де тағайындағанда

300 мг тәуліктік жиынтық дозаға сәйкес келеді. Дабрафенибпен біріктірілімде қолдану кезінде ұсынылатын траметиниб дозасы тәулігіне бір рет 2 мг құрайды.

Капсулаларды сумен ішіп, бүтіндей жұту қажет. Капсулаларды шайнауға немесе ашуға болмайды, сондай-ақ дабрафенибтің химиялық тұрақсыздығы себепті тағаммен немесе сұйықтықтармен араластыруға болмайды.

Тафинлар препаратын дозалар арасындағы 12 сағат үзілісті қадағалаумен ас ішуге дейін бір сағаттан кешіктірмей немесе ас ішуден кейін екі сағат өткен соң барып қабылдау керек. Тафинлар препаратын күн сайын белгілі бір уақытта қабылдау керек. Пациент Тафинлар препаратын қабылдаудан кейін құсқан болса, пациент дозаны қайта қабылдамауы тиіс. Пациент, қабылдау тәртібін жетекшілікке ала отырып, келесі дозаны белгіленген уақытта қабылдауы тиіс.

Емдеу ұзақтығы

Пациенттерге траметинибпен емдеуді пациентке пайдалы болатын немесе қолайсыз уыттылық өрбіп кететін сәтке дейін жалғастыру ұсынылады (2 кестені қараңыз). Меланомамен науқастарды адьювантты емдеу аурудың қайталануы немесе қолайсыз уыттылығы болмағанда 12 ай бойы жалғасуы тиіс.

Өткізіп алған дозалар

Егер Тафинлар препаратының кезекті дозасын қабылдау өтіп кетсе және келесі дозаны қабылдауға дейін 6 сағаттан аз уақыт қалса, өткізіп алған дозаны қабылдауға болмайды. Егер дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылғанда траметиниб дозасын өткізіп алса, егер келесі жоспарланған дозаға дейін 12 сағаттан көп уақыт қалса, тек траметиниб дозасы қабылданады. Дабрафениб пен траметиниб біріктірілімде қолданылғанда, тәулігіне бір рет траметинибтің күнделікті дозасын дабрафенибтің не таңертеңгі, не кешкі дозасымен бірдей мезгілде қабылдау керек.

Монотерапия немесе траметинибпен біріктірілім

Жағымсыз реакцияларды бөгеу тактикасы емдеуді тоқтатуды, дозаны тура емнің тоқтатылуына дейін азайтуды талап етуі мүмкін (1 және 2 кестелерді қараңыз).

Терінің жалпақ жасушалы карциномасының немесе жаңа бастапқы меланоманың пайда болуы түрінде жағымсыз реакциялар туындаған жағдайда дозаны модификациялау немесе емді тоқтату ұсынылмайды.

Увеит жағдайында дозаны өзгерту көздің қабынуы жергілікті емдеудің тиімді әдістерімен бақыланған жағдайда қажет емес. Егер увеит офтальмологиялық жергілікті емдеуге берілмесе, онда қабынудың басылуына дейін дабрафениб қолдануды уақытша тоқтатып, ал одан кейін дабрафенибті бір деңгейге төмендетілген дозада қолдануды жаңғырту керек.

Ұсынылатын дозаны азайту және дозаны модификациялау бойынша нұсқаулар, тиісінше, 1 кестеде және 2 кестеде берілген. Дозаны тәулігіне екі рет 50 мг-ден төмен азайту ұсынылмайды.

1 кесте: Тафинлар препаратының дозасын төмендету ұсынымдары

Дозаларын өзгерту

Қабылданатын доза критерийлері	Монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде қолданылатын дабрафениб дозасы	Траметиниб дозасы* Тек дабрафенибпен біріктірілімде қолданылған жағдайдағы
Толық доза	тәулігіне екі рет 150 мг	тәулігіне бір рет 2 мг
Бірінші төмендету	тәулігіне екі рет 100 мг	тәулігіне бір рет 1,5 мг
Екінші төмендету	тәулігіне екі рет 75 мг	тәулігіне бір рет 1 мг
Үшінші төмендету	тәулігіне екі рет 50 мг	тәулігіне бір рет 1 мг
Монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде тәулігіне екі рет 50 мг-ден аз дабрафениб дозасын түзету ұсынылмайды. Дабрафенибпен		

біріктірілімде қолданған жағдайда тәулігіне бір рет 1 мг-ден аз құрайтын траметиниб дозасын түзету ұсынылмайды.

Жағымсыз реакциялар дамуында емдеуді уақытша тоқтату, дозаны азайту немесе емдеуді тоқтату қажет болуы мүмкін (1 және 2 кестелерді қараңыз).

Терінің жалпақ жасушалы обыры немесе бастапқы меланоманың жаңа жағдайы сияқты жағымсыз реакциялар үшін дозаны өзгерту немесе емдеуді тоқтату ұсынылмайды.

Егер пациенттің дене температурасы $\geq 38,5$ °C болған жағдайда емдеуді үзу керек. Пациенттердің жай-күйін инфекция белгілері мен симптомдары тұрғысынан жүйелі бақылап отыру керек.

Дозаны азайтудың ұсынылатын сызбасы және дозаны өзгерту бойынша нұсқаулар, тиісінше, 1 кестеде және 2 кестеде берілген. Кез келген түзетуден кейін дозаның тәулігіне 2 рет 50 мг-ден аз болмауына кеңес беріледі.

2 кесте. Тафинлар препаратының дозасын азайтуға ұсынылатын сызба (қызбаны қоспағанда)

Жағымсыз реакциялардың ауырлық дәрежесі (СТС-АЕ шкаласы бойынша)*	Монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде қолданылатын дабрафенибтің ұсынылған дозасын өзгерту
1-2 дәреже (ауыспалы)	Емдеуді жалғастыру, клиникалық көрсетілімдерін ескеріп, пациенттің жай-күйін бақылау.
2 дәреже (ауыспалы емес) немесе 3 дәреже	Уыттылық құбылыстарының ауырлық дәрежесі 0-1 дәрежеге жеткенше емдеуді үзу, емді жаңғыртқанда — дозаны бір деңгейге азайту.
4 дәреже	Емді тоқтату немесе уыттылық құбылыстарының ауырлық дәрежесі 0-1 дәрежеге жеткенше емдеуді үзу; емді жаңғыртқанда — дозаны бір деңгейге азайту.

* — жағымсыз реакциялардың ауырлық дәрежесі Жағымсыз реакцияларды бағалаудың стандартты критерийлер шкаласы (СТС-АЕ), 4.0. нұсқа бойынша бағаланады.

Жағымсыз реакциялардың бақылануына жеткен соң дозаны арттыруға болады. Дозаны арттыру, азайту сияқты (керісінше тәртіпте), сол сызба бойынша жүргізіледі. Тафинлар препаратының дозасы тәулігіне 2 рет 150 мг-ден аспауы тиіс.

Қызба

Пациенттің дене температурасы $\geq 38,5$ °C болып көтерілгенде емді тоқтату керек (дабрафенибті монотерапия ретінде де, дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде де пайдалану кезіндегі сияқты), сондай-ақ қайталану жағдайында емді қызбаның алғашқы симптомдары білінгенде тоқтату керек. Емдеу ибупрофен немесе ацетаминофен/парацетамол сияқты қызу түсіретін дәрілермен басталуы тиіс. Егер бір ғана қызу түсіретін дәрілер жеткіліксіз болса, пероральді кортикостероидтар қолдану қарастырылуы тиіс. Пациенттерді инфекция белгілері мен симптомдары тұрғысынан тексеруден өткізу, ал егер қажет болса, жергілікті практикаға сәйкес емдеу керек (4.4 бөлімін қараңыз). Егер қызба қайталанса және/немесе сусыздану, гипотензия немесе бүйрек жеткіліксіздігін қоса, басқа ауыр симптомдармен қатар жүрсе, пациентте симптомдар болмаса, кем дегенде, 24 сағат ішінде дабрафенибпен немесе дабрафенибтің траметинибпен біріктірілімде емдеуді 1) дозаның сол деңгейінде, 2) дозаны бір деңгейге төмендетумен жаңғырту керек.

Тафинлар препаратын траметинибпен біріктірілімде қабылдаумен байланысты уыттылық симптомдарының дамуында, төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, дозаны азайту, қабылдауды үзу немесе тоқтату қажет. Емдеудің екі түрінің біреуі үшін ғана дозаны өзгерту қажет болатын айрықша жағдайлар: қызба, увеит, RAS-мутациясы

оң нәтижелі терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер мен QT аралығының ұзаруына (ен алдымен, дабрафенибпен байланысты), сол жақ қарыншаның лықсыту фракциясының (СҚЛФ) азаюына, торқабық веналарының окклюзиясына (ТВО), торқабық пигменттік эпителийінің ажырауына (ТПЭА) және өкпенің интерстициальді ауруына (ӨИА)/пневмонияға (бірінші кезекте, траметинибпен байланысты) қатысты толық сипатталған.

Белгілі бір жағымсыз реакциялар кезінде дозаны өзгертудің айрықша жағдайлары (тек емнің бір түрі үшін дозаны төмендету кезінде)

Увеиттер

Жергілікті қабынуға қарсы емнің тиімділігі сақталатын сәтке дейін дозаларын өзгерту қажет емес. Егер увеиттер жергілікті емдеуге берілмесе, офтальмологиялық қабынудың басылуына дейін Тафинлар препаратымен емдеуді тоқтату керек, әріқарай бір деңгейге төмендетілген дабрафениб дозасымен емдеу жаңғыртылады. Тафинлар препаратын траметинибпен біріктірілімде қолданғанда траметиниб дозасын модификациялау қажет емес.

RAS-мутациясы оң нәтижелі терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер

RAS-мутациялары болатын терілік емес қатерлі жаңа түзілімдері бар пациенттерде дабрафенибпен емді жалғастырмас бұрын пайдасы мен қауіпін қарастыру қажет. Дабрафенибпен біріктірілімде қолданған жағдайда траметиниб дозасын өзгерту қажет емес.

Сол жақ қарыншаның лықсыту фракциясын (СҚЛФ) азайту/сол жақ қарынша дисфункциясы

Егер дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылса, бастапқы деңгеймен салыстырғанда, СҚЛФ абсолютті төмендеуі $> 10\%$ болып, ал лықсыту фракциясы белгіленген қалыптың төменгі шегінен (ҚТШ) аз құраса, траметиниб дозасын өзгерту ұсынымдарына қатысты, траметинибті медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. Дабрафенибпен біріктірілімде қолданған жағдайда траметиниб дозасын өзгерту қажет емес.

Торқабық веналарының окклюзиясы (ТВО) және торқабық пигментті эпителийінің ажырауы (ТПЭА)

Егер пациенттер дабрафениб пен траметиниб қолданылатын ем кезінде кез келген уақытта орталықтан көру қабілетінің төмендеуі, көрудің бұлыңғырлануы немесе көрмей қалу сияқты көрудің жаңа бұзылулары хабарласа, траметиниб дозасын өзгерту жөніндегі ұсынымдарға қатысты, траметинибті медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. ТВО немесе ТПЭА оқиғалары расталғанда траметинибпен біріктірілімде қабылдаған жағдайда дабрафениб дозасын өзгерту қажет емес.

ӨИА немесе пневмония бар пациенттер

Клиникалық зерттеулерге қатысқан болжанатын ӨИА немесе пневмония кезінде траметинибпен біріктірілімде дабрафениб қабылдаған пациенттерде, өкпе ауруларының жаңа немесе үдемелі симптомдары және жөтел, ентігу, гипоксия, плевралық жалқық немесе инфильтраттарға қатысты тексерулердің жаңа нәтижелері бар пациенттерді қоса, траметиниб дозасын өзгерту жөніндегі ұсынымдар траметинибті медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықта берілген. ТВО немесе ТПЭА оқиғалары расталғанда траметинибпен біріктірілімде қолданған жағдайда дабрафениб дозасын өзгерту қажет емес.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар және жасөспірімдер

Балалар және жасөспірімдерде (18 жасқа толмаған) Тафинлар препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған.

Егде жастағы пациенттер

65 жастан асқан пациенттерде дозаны түзету қажет емес.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бүйрек функциясының жеңіл және орташа бұзылулары бар пациенттерде дозаны түзету қажет емес. Бүйрек функциясының ауыр бұзылуында Тафинлар препаратын қолдану жөнінде клиникалық деректер жоқ, ал дозаны түзету қажеттілігі анықталмаған. Бүйрек функциясының ауыр бұзылуында Тафинлар препаратын монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде сақтықпен тағайындау керек.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауыр функциясының жеңіл бұзылуы бар пациенттерде дозаны түзету қажет емес. Бауыр функциясының орташа немесе ауыр бұзылуында Тафинлар препаратын қолдануға қатысты клиникалық деректер жоқ; дозаны түзету қажеттілігі анықталмаған. Тафинлар препараты және оның метаболиттері көбіне бауыр арқылы элиминацияланады (метаболизм және өтпен шығарылу), сондықтан бауыр функциясының орташа немесе ауыр бұзылуында жүйелік әсері артуы мүмкін. Бауыр функциясының орташа немесе ауыр бұзылуында Тафинлар препаратын монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде сақтықпен тағайындау керек.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- әсер етуші затқа немесе қосымша заттардың кез келгеніне жоғары сезімталдық

4.4 Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары

BRAF тежегішін алдын ала қолдану кезінде үдеуі болған траметинибтің дабрафенибпен біріктірілімін қолданған пациенттер жөнінде деректер шектеулі. Атап көрсетілген деректер осындай пациенттерде біріктірілім тиімділігінің төмен болуы мүмкін екенін көрсетеді (5.1 бөлімін қараңыз). Демек, бұрын BRAF тежегішін алған пациенттердің осындай қауымында траметинибтің дабрафенибпен біріктірілімін тағайындар алдында емдеудің басқа тәсілдерін қарастыру керек. BRAF тежегіштерімен ем кезінде үдеуден кейінгі емдеу режимдерінің бірізділігі анықталмаған.

Жаңа қатерлі түзілімдер

Терідегі және терілік емес жаңа қатерлі түзілімдер дабрафениб монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде қолданылғанда туындауы мүмкін.

Терінің қатерлі жаңа түзілімдері

Терінің жалпақ жасушалы обыры (ТЖЖО)

Дабрафенибпен монотерапияда және траметинибпен біріктірілімде ем алып жүрген пациенттерде ТЖО (кератоакантоманы қоса) жағдайлары хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). MEK115306 және MEK116513 III фаза зерттеулерінде, тиісінше, метастаздық меланомасы бар пациенттерде ТЖО дабрафенибті монотерапияда алған пациенттердің 10%-да (22/211) және вемурафенибті монотерапияда алған пациенттердің 18%-да (63/349) туындады. Кең таралған ӨҰЖО бар метастаздық меланомасы бар пациенттердің қауіпсіздігін бағалауға арналған біріккен іріктеуде ТЖО дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде алып жүрген пациенттердің 2%-да (19/1076) туындады. MEK115306 зерттеуінде ТЖО алғаш диагностикалауға дейінгі орташа уақыт препараттарды біріктіріп емдеу тобында 223 күнге (диапазон 56-дан 510 күнге дейін) және дабрафениб монотерапияда қолданылған топта 60 күнге (диапазон 9-дан 653 күнге дейін) созылды. Меланоманың адьювантты емін алып жүрген пациенттерде жүргізілген BRF115532 (COMBI-AD) III фазасының клиникалық зерттеуінде ЖТ, плацебо алған пациенттердің 1%-мен (5/432) салыстырғанда, дабрафенибті траметиниб препаратымен біріктірілімде қабылдаған пациенттердің 1%-да (6/435) дамыды. Адьювантты емдеу ұсынылған зерттеуде біріктірілген ем тобында ЖТ алғашқы оқиғасының туындауына дейінгі уақыт медианасы 18 аптаға жуық, плацебо тобында 33 аптаға созылды.

Дабрафениб қолданумен ТЖО емінің алдында және емдеу басталған соң бір ай ішінде және емдеуден кейін алты ай ішінде теріні қарап тексеру ұсынылады. Дабрафениб

препаратымен емдеуді тоқтатудан кейін 6 ай ішінде немесе ісікке қарсы басқа дәрілермен емнің басталуына дейін бақылау жасау керек.

ЖТ емдеу кезінде тері бөлігін кесіп алып тастайды; дабрафениб препаратымен немесе дабрафениб пен траметиниб препараттарымен біріктірілімде емді дозаны түзетусіз жалғастырған жөн. Пациенттерге жаңа зақымданулар пайда болған жағдайда өз дәрігерін шұғыл байланысу қажеттілігі мәлімделеді.

Жаңа бастапқы меланома

Клиникалық зерттеулерде дабрафенибпен ем қабылдаған пациенттерде жаңа бастапқы меланомалар хабарланды. Операция жасалмайтын немесе метастаздық меланоманың клиникалық зерттеулерінде осы жағдайлар дабрафенибті монотерапияда алғашқы 5 ай қолдану кезінде анықталды. Жаңа бастапқы меланома жағдайларын хирургиялық алып тастау жолымен емдеуге болады, ал емдеуді модификациялау қажет емес. ТЖ жағдайындағы сияқты, теріні тексеруден өткізу қажет.

Терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер

In vitro тәжірибелері BRAF тежегіштері әсер еткен жағдайда RAS-мутацияларымен жабайы типті BRAF жасушаларында митоген-белсендірілген протеинкиназа (МАП-киназа) дабыл жолының парадоксты белсенуін көрсетті. Бұл RAS мутациялары болғанда дабрафениб қабылдап жүрген пациенттерде басқаша орналасқан қатерлі жаңа түзілімдердің даму қаупін арттырды (4.8 бөлімін қараңыз). Клиникалық зерттеулерде BRAF басқа тежегішімен болған екі жағдайда да (созылмалы миеломоноцитарлық лейкоз және бас пен мойынның терілік емес ЖЖО), сондай-ақ дабрафенибпен монотерапияда (ұйқы безінің аденокарциномасы, өт жолының аденокарциномасы) және дабрафениб МАП-киназа тежегішімен (МЕК), траметинибпен (колоректальді обыр, ұйқы безінің обыры) біріктірілімде қолданылғанда RAS-астасқан қатерлі түзілімдер хабарланды.

Емдеуді қолдану басталғанша пациенттер ауыз қуысының шырышты қабығын қарап тексерумен және лимфа түйіндерінің пальпациясымен, кем дегенде, кеуде қуысы ағзаларының/іштің компьютерлік томографиясымен бас пен мойынды тексеруден өткізуі тиіс. Емдеу кезінде нақты клиникалық жағдайға қарай пациенттерге мониторинг өткізу қажет, онда әр 3 ай сайын бас пен мойын тексеруін және әр 6 ай сайын кеуде қуысы ағзаларының/іштің компьютерлік томографиясын қамтуға болады. Емдеуді бастар алдында және ем соңында немесе клиникалық көрсетілімдер жағдайында анус аумағына тексеру және гинекологиялық тексеру ұсынылады. Клиникалық көрсетілімдерді ескере отырып, клиникалық қан талдауын жасау қажет.

Дабрафениб қолданбас бұрын болған немесе обырмен астасқан қатарлас RAS-мутациялар бар пациенттерде пайда және қауіп мәселесін қарау қажет. Ол дабрафенибпен біріктірілімде қолданылғанда траметиниб дозасын модификациялау қажет емес.

Дабрафениб қолдануды тоқтатудан кейін 6 айға дейінгі кезең ішінде немесе ісікке қарсы емді қолдану басталатын сәтке дейін терілік емес салдарлы/қайталамалы қатерлі түзілімдерін мониторингтеуді жалғастыру қажет. Анықталған қалып шегінен ауытқуларға қатысты клиникалық практикаға сәйкес шаралар қолданылуы тиіс.

Қан кетулер

ӨҰЖО III фазасының клиникалық зерттеулерінде және II фазасының клиникалық зерттеуінде операция жасалмайтын немесе метастаздық меланома себебімен дабрафениб пен траметиниб біріктірілімін қабылдаған пациенттерде ауыр қан кетулер мен өлімге ұшырататын қан жоғалтуларды қоса, қан кету құбылыстары туындады (4.8 бөлімін қараңыз). Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб дәрілік препаратының жалпы сипаттамасын (ДПЖС) қараңыз (4.4 бөлімін қараңыз).

Көру бұзылуы

Клиникалық зерттеулерде дабрафенибпен монотерапияда және траметинибпен біріктірілімде ем қабылдап жүрген пациенттерде увеит, иридоциклит және/немесе

иритті қоса, офтальмологиялық реакциялар хабарланды. Ем жүргізу уақытында пациенттерде көру белгілері мен симптомдарының (көру өзгерісі, көздің қарығуы және көздің ауыруы сияқты) болуын жүйелі бақылап отыру қажет.

Увеит дамыған жағдайда, егер көздің қабыну симптомдары жергілікті қолдануға арналған препараттар көмегімен жақсы бақыланса, «Тафинлар» препаратының дозасын түзету қажет емес. Егер увеит жергілікті офтальмологиялық емдеуге берілмесе, қабыну басылатын уақытқа дейін дабрафениб қолдануды уақытша тоқтатып, ал одан кейін дабрафениб қолдануды бір деңгейге төмендетілген дозада жаңғыртқан жөн.

Увеит диагностикаланған соң траметиниб дозасын, ол дабрафенибпен біріктірілімде қолданылған уақытта модификациялау қажет емес.

Қызба

Дабрафениб монотерапияда және траметинибпен біріктірілімде қолданылған клиникалық зерттеулерде қызба хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз).. Дабрафениб монотерапияда қолданылған клиникалық зерттеулерде пациенттердің 1%-да бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде бастапқы деңгейде бұлшықеттің ауыр сіресуімен, сусызданумен, гипотониямен және/немесе шығу тегі преренальді жедел бүйрек жеткіліксіздігімен қатар жүретін қызба ретінде айқындалатын инфекциялармен байланыссыз температура көтерілуінің күрделі құбылыстары анықталды (4.8 бөлімін қараңыз). Инфекциялармен байланыссыз температура көтерілуінің осы күрделі құбылыстарының туындауы, әдетте, дабрафениб монотерапияда қолданылған бірінші ай ішінде болды. Инфекциялармен байланыссыз температура көтерілуінің күрделі құбылыстары болған пациенттер доза қабылдаудағы үзіліске және/немесе дозаны азайту мен демеуші емге жақсы жауап берді.

Препараттар біріктірілімімен ем кезінде қызбаның туындау жиілігі және ауырлығы арта түседі. Операция жасалмайтын немесе метастаздық меланома бар пациенттерде жүргізілген MEK115306 зерттеуінде препараттар біріктірілімімен емдеу тобында пациенттердің 57%-да (119/209) қызба білінді, осы орайда, дабрафенибті монотерапияда қолданған топпен салыстарғанда, 7%-да 3 дәрежесі аталды, пациенттердің 33%-да қызба туралы мәлімделді (69/211), ал 2%-да 3 дәрежесі болды. ҰЖТО бар пациенттерде BRF113928 II фазасының клиникалық зерттеуінде, дабрафениб препаратын траметинибпен біріктірілімде пайдаланғанда (48%, 3%-да 3 дәреже), дабрафениб монотерапиясымен салыстырғанда (39%, 2%-да 3 дәреже) пирексияның мардымсыз жоғары жиілігі мен ауырлығы білінді. BRF115532 III фазасының клиникалық зерттеуінде меланомадан адьювантты емделіп жүрген пациенттерде дабрафениб препаратын траметинибпен біріктірілімде (67%, 6%-да ¾ дәреже) қолдану кезінде, плацебо тобымен салыстырғанда, пирексияның жиілігі мен ауырлығы жоғары екені аталды (15%, <1%-да 3 дәреже).

Траметинибпен біріктірілімде дабрафениб қабылдаған және қызба дамыған операция жасалмайтын немесе метастаздық меланома бар пациенттерде қызба туындауының алғашқы құбылыстарының жартысына жуығы бірінші ай ішінде болды, ал шамамен пациенттердің үштен бірінде 3 немесе одан көп құбылыс анықталды.

Егер пациенттің дене температурасы $> 38,5^{\circ}\text{C}$ көтерілсе, емді тоқтату керек (дабрафенибті монотерапияда да, дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде де пайдалану кезіндегідей (5.1 бөлімін қараңыз), қайталану жағдайында да қызбаның алғашқы симптомдары пайда болғанда емді тоқтатуға болады. Ибупрофен немесе ацетаминофен/парацетамол сияқты қызу түсіретін препараттар қолдануды бастау керек. Егер бір ғана қызу түсіретін дәрілер жеткіліксіз болса, пероральді кортикостероидтар қолдану қарастырылуы тиіс. Пациенттерді инфекция белгілері мен симптомдары тұрғысынан тексеруден өткізу қажет. Дене температурасы қалыпқа түскен соң емді жаңғыртуға болады. Егер қызба басқа ауыр белгілермен және симптомдармен байланысты болса, қызба басылған бойда және клиникалық мақсатқа сай болуына сәйкес емдеу азайтылған дозада жаңғыртылуы тиіс (4.2 бөлімін қараңыз).

СҚЛФ төмендеуі/Сол жақ қарынша дисфункциясы

Траметинибпен біріктірілімде дабрафенибтің СҚЛФ төмендететіні хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС қараңыз (4.4 бөлімін қараңыз). Траметинибпен біріктірілімде қолданылған жағдайда дабрафениб дозасын өзгерту қажет емес.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Дабрафенибпен монотерапияда емделіп жүрген пациенттердің <1%-да және траметинибпен біріктірілген дабрафенибпен емделіп жүрген пациенттердің <1%-да бүйрек жеткіліксіздігі анықталды. Байқалған жағдайлар, негізінен, қызбамен және сусызданумен байланысты болды әрі дозаны қолдануды тоқтатуға және жалпы демеуші шаралар қолдануға берілген жақсы жауап болды. Гранулематозды нефрит туралы хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Емдеу жүргізілген уақытта пациенттерде сарысу креатининін жүйелі бақылап отыру қажет. Егер креатинин деңгейі жоғарыласа, клиникалық көрсетілімдерге сәйкес дабрафениб қабылдауды үзу қажеттілігі туындауы мүмкін. Дабрафениб бүйректің (> 1,5 креатинин деңгейі x қалыптың жоғарғы шегі (ULN) ретінде айқындалатын) жеткіліксіздігі бар пациенттерде зерттелмеген, осылайша, аталған жағдайда сақтық таныту қажет (5.2 бөлімін қараңыз).

Бауыр тарапынан құбылыстар

Дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылған клиникалық зерттеулерде бауыр тарапынан болатын жағымсыз құбылыстар хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Траметинибпен біріктірілімде дабрафенибпен ем алып жүрген пациенттерде траметинибпен емделу басталған соң 6 ай бойы әр төрт апта сайын бауыр функциясына мониторинг өткізілді. Егер клиникалық көрсетілімдер болса, кейіннен бауыр функциясын мониторингтеуді жалғастыруға болады. Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС қараңыз.

Артериялық гипертензия

Артериялық гипертензия бұрыннан бар немесе ол болмаған пациенттерде траметиниб препаратын қолдану кезінде артериялық қысымның көтерілу көріністері аталды (4.8 бөлімін қараңыз). Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС қараңыз.

Өкпенің интерстициальді ауруы (ӨИА)/Пневмонит

Дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылған клиникалық зерттеулерде пневмония немесе ӨИА жағдайлары хабарланды. Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС 4.4 бөлімін қараңыз. Егер дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылса, дабрафениб қолданылатын емді дәл сол дозада жалғастыруға болады.

Бөртпе

Траметиниб пен дабрафениб біріктірілімінің зерттеулерінде шамамен пациенттердің шамамен 24%-да бөртпе байқалды (4.8 бөлімін қараңыз). Атап көрсетілген жағдайлардың көпшілігі 1 және 2 дәрежеде болды және емдеуді тоқтатуды немесе дозаны төмендетуді талап етпеді. Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС 4.4 бөлімін қараңыз.

Рабдомиолиз

Рабдомиолиз дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қабылдап жүрген пациенттерде хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). ДПЖС 4.4 бөлімін. Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС 4.4 бөлімін қараңыз.

Панкреатит

Операция жасалмайтын немесе метастаздық меланоманың клиникалық зерттеуінде дабрафенибті монотерапияда және траметинибпен біріктірілімде қабылдап жүрген пациенттердің <1%-да және ӨҰЖО клиникалық зерттеуінде дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қабылдайтын пациенттердің шамамен 4%-да панкреатит хабарланды. Жағдайлардың біреуі метастаздық меланомасы бар пациентте дабрафениб қолданылған бірінші күні болды және төмендетілген дозаны келесі жолы қабылдағанда қайталанды. Меланома бар пациенттерде адьювантты ем қолданылған зерттеуде

траметинибпен біріктірілімде дабрафениб қабылдаған пациенттердің <1%-да (1/435) панкреатит дамуы хабарланды, сондай-ақ плацебо алған бір де бір пациентте хабарланбады. Іштің түсініксіз ауыруында сарысулық амилаза және липаза деңгейін шұғыл өлшеу қажет. Панкреатит көрінісінен кейін дабрафениб препаратын қайта қабылдау басталғанда пациенттер мұқият қадағалауда болуы тиіс.

Терең веналар тромбозы/өкпе эмболиясы

Дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылған жағдайда өкпе эмболиясы немесе терең веналар тромбозы туындауы мүмкін. Егер пациентте тыныс тарылуы, кеуденің ауыруы немесе қол немесе аяқ ісінуі сияқты өкпе эмболиясының немесе терең веналар тромбозының симптомдары дамыса, олар шұғыл медициналық жәрдемге жүгінуі тиіс. Өмірге қатерлі өкпе эмболиясында траметиниб пен дабрафенибпен емдеуді түпкілікті тоқтату керек.

Терінің ауыр жағымсыз реакциялары

Дабрафениб/траметиниб біріктірілген еммен емделу кезінде өмірге қауіпті болуы немесе өлімге ұшыратуы мүмкін Стивенс-Джонсон синдромын және эозинофилиямен және жүйелі симптомдармен (DRESS) дәрілік реакцияны қоса, терінің күрделі жағымсыз реакцияларының (ТКЖР) жағдайлары хабарланды. Емдеуді бастар алдында пациенттер белгілер мен симптомдар туралы ақпараттануы және тері реакцияларын мұқият қадағалауы тиіс. ТКЖР болуын көрсететін белгілер мен симптомдар пайда болғанда дабрафениб пен траметиниб тоқтатылу керек.

Асқазан-ішек бұзылыстары

Траметинибпен біріктірілімде дабрафениб қабылдап жүрген пациенттерде, өліммен аяқталған оқиғаларды қоса, колит және асқазан-ішек жолының тесілу жағдайлары хабарланды (4.8 бөлімін қараңыз). Қосымша ақпарат алу үшін траметиниб ДПЖС қараңыз (4.4 бөлімін қараңыз).

Саркоидоз

Дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қабылдаған пациенттерде, негізінен, терінің, өкпенің, көздің және лимфа түйіндерінің зақымдануымен болатын саркоидоз жағдайлары хабарланды, көпшілік жағдайларда дабрафенибпен және траметинибпен емдеу жалғастырылды, саркоидоз диагнозы қойылған жағдайда тиісті емдеу мәселесін қарастыру керек. Саркоидозды аурудың үдеуі ретінде түсіндірмеу маңызды.

Басқа дәрілік заттардың дабрафенибке әсері

Дабрафениб – СҮР2С8 және СҮР3А4 субстраты. Егер мүмкін болса, осы изоферменттердің ықтималды индукторларын қолданбау қажет, өйткені осы дәрілер дабрафениб тиімділігін төмендетуі мүмкін (4.5 бөлімін қараңыз).

Дабрафенибтің басқа дәрілік заттарға әсері

Дабрафениб кеңінен қолданылатын дәрілік препараттар тиімділігінің жоғалуына алып келуі мүмкін метаболиздеуші ферменттер индукторы болып табылады (4.5 бөлімін қараңыз). Осылайша, дабрафениб қолданумен емдеуге кіріскенде препаратты пайдалануды бағалау маңызды болып табылады. Әдетте, егер тиімділігіне мониторинг өткізу және дозаны түзету мүмкін болмаса, белгілі бір метаболиздеуші ферменттердің немесе тасымалдаушылардың сезімтал субстраттары болып табылатын дәрілік препараттармен дабрафенибті қатарлас қолданбау керек.

Дабрафенибті варфаринмен қатарлас қолдану варфарин әсерінің төмендеуіне әкеледі. Дабрафениб варфаринмен бір мезгілде қолданылған және дабрафенибті қолдану тоқтатылған жағдайда сақтық таныту және халықаралық қалыптасқан қатынасқа қосымша мониторинг өткізу ұсынылады (4.5 бөлімін қараңыз).

Дабрафенибті дигоксинмен қатарлас қолдану дигоксин әсерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Дигоксин (тасымалдаушы субстраты) дабрафенибпен бір мезгілде қолданылғанда және дабрафениб қолдануды тоқтатқанда сақтық таныту және дигоксинге қосымша мониторинг өткізу ұсынылады (4.5 бөлімін қараңыз).

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Басқа дәрілік заттардың дабрафенибке әсері

Дабрафениб CYP2C8 және CYP3A4 метаболиздейтін ферменттерінің субстраты болып табылады, ал белсенді метаболиттер ретінде гидроксидабрафениб пен десметилдабрафениб CYP3A4 субстраттары болып табылады. Ықтималды түрде, CYP2C8 немесе CYP3A4 қуатты тежегіштері немесе индукторлары болып табылатын дәрілік препараттар дабрафениб концентрациясын тиісінше арттыруға немесе азайтуға қабілетті. Дабрафениб қолданылған уақытта, егер мүмкін болса, баламалы дәрілерді қарастыру қажет. Егер дабрафенибпен бірге күшті тежегіштер (мысалы, кетоконазол, гемфиброзил, нефазодон, кларитромицин, ритонавир, саквинавир, телитромицин, итраконазол, вориконазол, позаконазол, атазанавир) қолданылса, сақтық таныту керек. CYP2C8 немесе CYP3A4 күшті индукторларымен (мысалы, рифампицин, фенитоин, карбамазепин, фенобарбитал немесе шайқурай (*Hypericum perforatum*)) дабрафенибті қатарлас қолданудан сақтану керек.

Тәулігіне бір рет 400 мг кетоконазолды (CYP3A4 тежегіші) тәулігіне екі рет 75 мг дабрафенибпен қолдану, монотерапияда тәулігіне екі рет 75 мг дабрафениб қолданумен салыстырғанда, дабрафенибтің қисық астындағы аудан көрсеткішінің (AUC) 71% артуына және дабрафениб C_{max} 33% артуына алып келді. Қатарлас қолдану гидрокси- және десметилдабрафениб AUC көрсеткішінің артуына (тиісінше, 82% және 68% артуына) әкелді. Карбоксидабрафениб үшін AUC көрсеткішінің 16% азаюы болды.

Тәулігіне екі рет 600 мг гемфиброзилді (CYP2C8 тежегіші) тәулігіне екі рет 75 мг дабрафенибпен қолдану дабрафениб AUC көрсеткішінің 47% артуына алып келді, бірақ, монотерапияда тәулігіне екі рет 75 мг дабрафениб қолданумен салыстырғанда, дабрафениб C_{max} мәніне ықпал етпеді. Гемфиброзил дабрафениб метаболиттерінің жүйелі әсеріне елеулі клиникалық әсерін көрсетпеді ($\leq 13\%$).

Рифампинді (CYP3A4/CYP2C8 индукторы) тәулігіне бір рет 600 мг дозада тәулігіне екі рет 150 мг дабрафенибпен біріктірілімде енгізу дабрафенибті көп рет енгізу кезінде C_{max} (27%) және AUC (34%) төмендеуіне әкелді. Карбоксидабрафениб үшін AUC көрсеткішінің өзгеруі анықталмады. Гидроксидабрафениб үшін AUC көрсеткішінің артуы және десметилдабрафениб үшін AUC 30% төмендеуі анықталды. Тәулігіне екі рет 150 мг дабрафениб және тәулігіне бір рет 40 мг рабепразол (рН арттыратын препарат) көп реттік дозаларын бір мезгілде қолданғанда дабрафениб AUC 3% артуы және дабрафениб C_{max} 12% төмендеуі білінеді. Дабрафенибтің осындай AUC және C_{max} өзгерістері клиникалық мәнді болып саналады. Жоғарғы асқазан-ішек жолының (АІЖ) рН мәнін өзгертетін дәрілік препараттар (мысалы, протон помпасының тежегіштері, H₂-рецепторлар антагонистері, антацидтер) дабрафениб биожетімділігін төмендетуі мүмкін.

Дабрафенибтің басқа дәрілік заттарға әсері

Дабрафениб ферменттер индукторы болып табылады және CYP3A4, CYP2C және CYP2B6 қоса, препаратты метаболиздейтін ферменттер синтезін арттырады және тасымалдаушылар синтезін арттыруы мүмкін. Бұл осы ферменттермен метаболизденетін дәрілік препараттың плазмадағы деңгейлерінің төмендеуіне әкеледі және кейбір тасымалданатын дәрілік препараттарға әсер етуі мүмкін. Плазмада концентрация азаюы осы дәрілік препараттардың клиникалық әсерінің жоғалуына немесе төмендеуіне әкелуі мүмкін. Осы дәрілік препараттардың белсенді метаболиттерінің көп түзілу қаупі де бар. Индукциялануы мүмкін ферменттер бауырда және ішекте CYP3A, CYP2B6, CYP2C8, CYP2C9, CYP2C19 және UGT (глюкуронидті конъюгациялайтын фермент) индукциялайды. P_{gp} тасымал ақуызы да, басқа да тасымалдаушылар, мысалы, MRP-2, BCRP және OATP1B1/1B3 сияқты, индукциялануы мүмкін. OATP1B1/1B3 және СБОТА индукциясының розувастатин қолданылатын клиникалық зерттеу шеңберіндегі бақылаулармен байланысты болу ықтималдығы аз.

In vitro дабрафениб дозаға тәуелді CYP2B6 және CYP3A4 артуын тудырды. Дәрілік реакциялардың клиникалық зерттеулерінде дабрафенибтің қайталама дозасын қатарлас қолданғанда пероральді мидазолам (CYP3A4 субстраты) C_{max} және AUC көрсеткіштері, тиісінше, 47% және 65% төмендеді.

Тәулігіне екі рет 150 мг дабрафениб және варфарин қолдану, варфаринді монотерапияда қолданумен салыстырғанда, S- және R-варфарин AUC көрсеткішінің, тиісінше, 37% және 33% төмендеуіне әкелді. S- және R-варфарин C_{max} көрсеткіші 18% және 19% жоғарылады.

Метаболизм ағымын немесе белсенді тасымалдануды төмендететін көп дәрілік препаратпен өзара әрекеттесуі болжанады. Егер олардың емдік әсерінің пациент үшін маңызы зор болса және тиімділігі немесе плазмадағы концентрациясына мониторинг негізінде дозасына түзету жасау қиындаса, осы дәрілік препараттарды қолданбау немесе оларды абайлап қолдану керек. Ферменттер индукторларымен қатарлас ем қабылдайтын пациенттерде парацетамол қолданудан кейін бауырдың жоғары зақымдану қаупі жорамалданады.

Әсерге ұшырайтын препараттардың саны едәуір көп екені болжанады; дегенмен де, әсер ету қарқыны өзгеруі мүмкін. Әсерге ұшырауы мүмкін дәрілік препараттар топтарында мыналар қамтылады, бірақ онымен шектелмейді:

- Анальгетиктер (мысалы, фентанил, метадон)
- Антибиотиктер (мысалы, кларитромицин, доксициклин)
- Ісікке қарсы дәрілік заттар (мысалы, кабазитаксел)
- Антикоагулянттар (мысалы, аценокумарол, варфарин)
- Эпилепсияға қарсы дәрілер (мысалы, карбамазепин, фенитоин, примидон, вальпрой қышқылы)
- Нейролептиктер (мысалы, галоперидол)
- Кальций өзекшелерінің блокаторлары (мысалы, дилтиазем, фелодипин, никардипин, нифедипин, верапамил)
- Жүрек гликозидтері (мысалы, дигоксин, 4.4 бөлімін қараңыз)
- Кортикостероидтар (мысалы, дексаметазон, метилпреднизолон)
- Адамның иммундық тапшылық вирусы (АИТВ) инфекциясын емдеуге арналған вирусқа қарсы дәрілік заттар (мысалы, ампренавир, атазанавир, дарунавир, делафавирдин, эфавиренз, фосампренавир, индинавир, лопинавир, нелфинавир, саквинавир, типранавир)
- Гормональді контрацептивтер (4.6 бөлімін қараңыз)
- Ұйқатататын дәрілер (мысалы, диазепам, мидазолам, золпидем)
- Иммунодепрессанттар (мысалы, циклоспорин, такролимус, сиролимус)
- CYP3A4 арқылы метаболизденетін статиндер (мысалы, аторвастатин, симвастатин)

Индукцияның туындауы дабрафенибтің қайталама дозасын 3 күн қолданудан кейін болуы мүмкін. Дабрафениб қолдануды тоқтатқанда индукцияның тоқтауы біртіндеп жүреді, сезімтал CYP3A4, CYP2B6, CYP2C8, CYP2C9 және CYP2C19, уридиндифосфат-глюкуронилтрансфераза (UGT) UDP және тасымалдаушылар субстраттарының (мысалы, Pgp немесе MRP-2) концентрациялары жоғарылауы мүмкін. Пациенттерді уыттану тұрғысынан бақылап отыру қажет, сондай-ақ осы дәрілік препараттар дозасын түзету керек болуы мүмкін.

Дабрафениб *in vitro* CYP3A4 қайтымсыз тежегіші болып табылады. Осылайша, емдеудің алғашқы бірнеше күні ішінде CYP3A4 транзиторлы тежелісін байқауға болады.

Дабрафенибтің организмдегі заттарды тасымалдау жүйелеріне әсері

In vitro дабрафениб адамның органикалық аниондарын тасымалдау полипептидінің (OATP) 1B1 (OATP1B1) және OATP1B3 және СБОТА) тежегіші болып табылады. Розувастатиннің (OATP1B1, OATP1B3 және БРРМЖ субстраты) тәулігіне екі рет 150

мг дабрафениб препаратының көп реттік дозаларын бірге қолданғанда 16 пациентте ең төмен AUC өзгерісі (7% артуы) байқалды, ал Стах 2,6 есе артты. Розувастатиннің Стах артуының клиникалық мәнді болуына жол берілмейді.

Траметинибпен біріктірілімі

Тәулігіне бір рет 2 мг траметиниб пен тәулігіне екі рет 150 мг дабрафенибтің қайталама дозасын қатарлас қолдану дабрафениб Стах және AUC көрсеткіштерінің, тиісінше, 16 және 23% артуымен траметиниб немесе дабрафениб Стах және AUC көрсеткіштерінің клиникалық мәнді өзгерістеріне әкелмеді. Траметиниб СҮР3А4 индукторы - дабрафенибпен біріктірілімде қолданылған жағдайда қауымдық фармакокинетикалық талдау көмегімен AUC көрсеткішінің 12% төмендеуіне сәйкес келетін траметиниб биожетімділігінің аздап төмендеуі анықталды.

Тағамның дабрафенибке әсері

Пациенттер ас ішудің дабрафениб сіңірілуіне әсер етуі себепті тамақтанудан, кем дегенде, бір сағат бұрын немесе одан кейін екі сағаттан соң дабрафенибті монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде қабылдауы тиіс (5.2 бөлімін қараңыз).

Балалар

Дәрілік өзара әрекеттесу зерттеуі тек ересек пациенттерде орындалды.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация

Бала туу жасындағы әйелдер/әйелдерге арналған контрацепция

Ем кезінде және дабрафениб қолдануды тоқтатудан кейін 2 апта ішінде, сондай-ақ ол дабрафенибпен біріктірілімде тағайындалған жағдайда траметинибтің соңғы дозасын қабылдаудан кейін 16 аптадан соң бала туу жасындағы әйелдер контрацепцияның тиімді әдістерін қолдануы тиіс. Дабрафениб пероральді немесе кез келген жүйелі гормональді контрацептивтер тиімділігін төмендетуі мүмкін, сондықтан контрацепцияның тиімді баламалы әдістерін пайдалану қажет (4.5 бөлімін қараңыз).

Жүктілік

Жүкті әйелдерде дабрафениб қолдану деректері жоқ. Жануарларда жүргізілген зерттеулер тұқым өрбіту қабілетіне уыттылығын және, тератогенді әсерін қоса, эмбриофетальді уыттылығын көрсетті (5.3 бөлімін қараңыз). Дабрафениб, анасы үшін ықтималды пайдасы шаранаға төнуі мүмкін қауіптен басым болатын жағдайларды қоспағанда, жүкті әйелдерде қолданылмауы тиіс. Егер пациент әйел дабрафениб қабылдау кезінде жүкті болып қалса, пациент әйелді шаранаға төнетін зор қауіптен хабардар ету қажет. Траметинибпен біріктірілімде қолданған жағдайда траметиниб ДПЖС (4.6 бөлімін) қараңыз.

Бала емізу

Дабрафенибтің емшек сүтімен экскрециясы туралы деректер жоқ. Көптеген дәрілік препараттар емшек сүтімен экскрецияланатындықтан лактация кезеңінің ішінде сәбиге қауіпін жоққа шығаруға болмайды, Емшекпен қоректенуді тоқтату немесе дабрафенибпен емдеуді тоқтату шешімі сәби үшін емшек емудің пайдасын және әйел үшін емнің пайдасын ескере отырып, қабылдануы тиіс.

Фертильділік

Адамда дабрафенибті монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде қолдану деректері жоқ. Дабрафениб ерлер мен әйелдерде фертильділікті бұзуы мүмкін, өйткені жануарларда аталығы мен аналығының тұқым өрбіту ағзалары тарапынан жағымсыз құбылыстар байқалды. Дабрафенибті монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде қабылдап жүрген ерлер қайтымсыз болуы мүмкін сперматогенездің ықтималды бұзылу қаупі туралы хабарлануы тиіс. Траметинибпен біріктірілімде қолданған жағдайда траметиниб ДПЖС (4.6 бөлімін) қараңыз.

4.7 Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсері
 Дабрафениб көлік құралдарын және механизмдерді басқару қабілетіне мардымсыз әсерін көрсетеді. Пациенттің пайымдау дағдыларын, моторлық және когнитивтік біліктерін талап ететін міндетті орындау қабілетін қарастырғанда пациенттің клиникалық жай-күйін және жағымсыз реакциялар бейінін ескеру қажет. Пациенттер атап көрсетілген қызмет түрлеріне ықпал етуі мүмкін қалжырау және көру кінәраттарының көрініс беруі мүмкін екенін ұғынуы тиіс.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Монотерапиядағы дабрафениб қауіпсіздігі тәулігіне екі рет 150 мг дабрафениб қабылдаған операция жасалмайтын немесе метастаздық меланомасы бар 578 пациент қамтылған BRAF V600 мутациясымен BRF113683 (BREAK-3), BRF113929 (BREAK-MB), BRF113710 (BREAK-2), BRF113220 және BRF112680 бес клиникалық зерттеуінің қауіпсіздікті бағалау мақсатында біріккен іріктеуінің негізінде анықталған. Дабрафениб қолдану кезінде хабарланған ең көп жиі жағымсыз дәрілік реакциялар (³15% жиілікте) гиперкератоз, бас ауыру, қызба, артралгия, қажу, жүрек айну, папиллома, алопеция, бөртпе және құсу болды.

Траметинибпен біріктірілген дабрафениб қауіпсіздігі тәулігіне екі рет 150 мг дабрафениб және тәулігіне бір рет 2 мг траметиниб емін алатын BRAF V600 мутациясымен операция жасалмайтын немесе метастаздық меланомасы, толық резекция жасаудан кейінгі (адьювантты емдеу) BRAF V600 мутациясымен III сатыдағы меланомасы және таралған ӨҰЖО бар 1076 пациенттен қауіпсіздікті бағалау мақсатында біріккен іріктеуде бағаланды. Осы пациенттер санынан 559-ы MEK115306 (COMBI-d) және MEK116513 (COMBI-v) III фазасының екі рандомизацияланған зерттеуінде BRAF V600 мутациясымен меланоманы емдеу мақсатында біріктірілген ем қабылдады; 453 пациент BRF115532 (COMBI-AD) I фазасының рандомизацияланған зерттеуінде BRAF V600 гені мутациясымен III сатыдағы меланомаға түбегейлі резекция жасаудан соң біріктірілген адьювантты ем қабылдады, ал BRAF V600 мутациясымен 82 пациент бірнеше қауымда BRF113928 II фазасының рандомизацияланбаған зерттеуінде ӨҰЖО себебімен ем қабылдады (5.1 бөлімін қараңыз).

Траметинибпен біріктірілген дабрафенибпен ем кезінде ең көп жиі жағымсыз реакциялар (20%-дан астам жиілікте) қызба, шаршау, жүрек айну, қалтырау, бас ауыру, диарея, құсу, артралгия және бөртпені қамтыды.

Жағымсыз реакциялар кестесі түріндегі түйіндеме

Жағымсыз реакциялар MedDRA реттеу медициналық сөздігінің ағзалар жүйесі кластарына сәйкес кездесу жиілігінің келесі тәртіпте көрсетілуімен тізбеленген: өте жиі ($\geq 1/10$), жиі ($\geq 1/100 - < 1/10$), жиі емес ($^3 1/1,000 - < 1/100$), сирек ($^3 1/10,000 - < 1/1,000$), өте сирек ($< 1/10,000$) және белгісіз (қолда бар деректер есебімен бағалау мүмкін болмайды). Әр жиілік тобының шегінде жағымсыз реакциялардың туындау жиілігі ауырлығының азаю ретімен берілген.

3 кесте. BRF113683 (BREAK-3), BRF113929 (BREAK-MB), BRF113710 (BREAK-2), BRF113220 және BRF112680 (n=578) зерттеулерінде дабрафениб монотерапиясының қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде тіркелген жағымсыз дәрілік реакциялар

Жүйе-ағза класы	Жиілігі (барлық дәрежесі)	Жағымсыз реакциялар
Қатерсіз, қатерлі және нақты анықталмаған жаңа түзілімдер	Өте жиі	Папиллома
	Жиі	Терінің жалпақ жасушалы

(киспалар мен полиптерді қоса)		карциномасы
		Себорейлық кератоз
		Акрохордон (жұмсақ фибромалар)
		Негіздік-жасушалық карцинома
	Жиі емес	Жаңа бастапқы меланома
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Аса жоғары сезімталдық
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Тәбет төмендеуі
	Жиі	Гипофосфатемия Гипергликемия
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Бас ауыру
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Увеит
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Жөтел
Асқазан-ішек бұзылыстары	Өте жиі	Жүрек айну Қусу Диарея
	Жиі	Іш қату
	Жиі емес	Панкреатит
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Гиперкератоз
		Алопеция
		Бөртпе
		Алақан-табан синдромы
	Жиі	Терінің құрғап кетуі
		Қышыну
		Актиниялық кератоз
		Терінің зақымдануы
		Эритема
	Жиі емес	Фотосезімталдық
Сүйек-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Артралгия
		Миалгия
		Аяқ-қолдың ауыруы
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Бүйрек жеткіліксіздігі, жедел бүйрек жеткіліксіздігі Нефрит
Жалпы бұзылыстар және препаратты енгізген жердегі бұзылулар	Өте жиі	Пирексия
		Қажу
		Қалтыраулар
	Жиі	Астения Тұмау тәрізді ауру

4 кесте. MEK115306, MEK116513a, BRF113928 и BRF115532 (n=1076) зерттеулерінде траматинибпен біріктірілген дабрафениб қабылдау қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде хабарланған жағымсыз реакциялар

Жүйе-ағза класы	Жиілігі (барлық дәрежесі)	Жағымсыз реакциялар
Инфекциялар және инвазиялар	Өте жиі	Назофарингит
	Жиі	Несеп шығару жолдарының инфекциялары
		Флегмона
		Фолликулит
		Паранихия
Пустулезді бөртпе		
Қатерсіз, қатерлі және нақты анықталмаған жаңа түзілімдер (кисталар мен полиптерді қоса)	Жиі	b Терінің жалпақ жасушалы обыры
		c Папиллома
	Жиі емес	Себореялық кератоз
		d Жаңа бастапқы меланома
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Жиі	Акрохордон (жұмсақ фибромалар)
		Нейтропения
		Анемия
		Тромбоцитопения
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Лейкопения
		e Аса жоғары сезімталдық
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Тәбеттің төмендеуі
	Жиі	Сусыздану
		Гипонатриемия
		Гипофосфатемия
Гипергликемия		
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Бас ауыру
		Бас айналу
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Жиі	Анық көрмеу
		Көру қабілетінің бұзылуы
		Увеит
	Жиі емес	Хориоретинопатия
		Торқабықтың ажырап кетуі
		Көз шарасы маңының ісінуі
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жиі	Лықсыту фракциясының төмендеуі
	Жиі емес	Брадикардия
	Белгісіз	Миокардит
Тамырлар тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Гипертензия
		Қан кету f
	Жиі	Гипотензия
		Лимфа ісінуі
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Жөтел
	Жиі	Ентігу
	Жиі емес	Пневмонит
Асқазан-ішек бұзылыстары	Өте жиі	Іштің ауыруы g
		Іш қату

		Диарея		
		Жүрек айну		
		Қусу		
		Жиі	Ауыздың кеберсуі	
			Стоматит	
		Жиі емес	Панкреатит	
		Колит		
		Сирек	Асқазан-ішек жолының тесілуі	
		Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Терінің құрғап кетуі
				Қышыну
				Бөртпе
				Эритема h
Жиі	Акне тәрізді дерматит			
	Актиниялық кератоз			
	Түнде терлеу			
	Гиперкератоз			
	Алоpecia			
	Алақан-табан синдромы			
	Терінің зақымдануы			
	Гипергидроз			
Панникулит				
Белгісіз	Терідегі сызаттар			
	Фотосезімталдық			
	Стивенс-Джонсон синдромы			
	Эозинофилия және жүйелі симптомдар кезіндегі дәрі-дәрмектен болатын реакция			
Сүйек-бұлшықет және дәнекер тін тарапынан бұзылулар	Өте жиі	Жайылған қабыршақтанатын дерматит		
		Артралгия		
		Миалгия		
		Аяқ-қолдың ауыруы		
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Жиі емес	Бұлшықеттерің түйілуі i		
		Бүйрек функциясының бұзылуы		
Жалпы бұзылыстар және препаратты енгізген жердегі бұзылулар	Өте жиі	Нефрит		
		Қажу		
		Қалтырау		
		Астения		
		Шеткері ісіну		
	Жиі	Пирексия		
		Тұмау тәрізді ауру		
		Шырышты қабықтардың қабынуы		
		Бет ісінуі		
		Аланинаминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы		
Диагностикалық зерттеулер	Өте жиі	Аспаратаминотрансфераза деңгейінің жоғарылауы		

	Жиі	Қандағы сілтілік фосфатаза деңгейінің жоғарылауы Гамма-глутамилтрансфераза деңгейінің жоғарылауы Креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы
--	-----	---

a MEK116513 зерттеуінен қауіпсіздік бейіні жалпы MEK115306 қауіпсіздік бейінімен ұқсас, келесі сәттерді қоспағанда: 1) Келесі жағымсыз реакциялар MEK115306 зерттеуімен салыстырғанда, өте жоғары жиілік санатында болады: бұлышықеттер түйілуі (өте жиі); бүйрек функциясының бұзылуы және лимфа ісінуі (жиі); бүйрек функциясының жедел бұзылуы (жиі емес); 2) Келесі жағымсыз реакциялар MEK116513 зерттеуінде туындады, бірақ MEK115306 зерттеуінде емес: жүрек жеткіліксіздігі, сол жақ қарынша дисфункциясы, өкпенің интерстициальді ауруы, рабдомиолиз (жиі емес). 3) Келесі жағымсыз реакциялар MEK116513 және BRF115532 зерттеуінде туындады, бірақ MEK115306 және BRF113928 зерттеулерінде емес: рабдомиолиз (жиі емес)

b Терінің жалпақ жасушалы карциномасы (ЖЖК): ЖЖК, терінің ЖЖК, *in situ* терінің ЖЖК (Боуэн ауруы) және кератокарцинома

c Папиллома, тері папилломасы

d Қатерлі меланома, метастаздық қатерлі меланома және беткейлік таралатын III сатыдағы меланома

e Дәрілік жақпаушылық қамтылады

f Бассүйекішілік қан кетуді және өлімге соқтыратын қан кетуді қоса, әртүрлі ағзалардан қан кету

g «Иштің ауыруы» термині иштің жоғарғы және төменгі бөлігінің ауыруын да қамтиды

h Эритема, жайылған эритема

i Бұлышықеттердің түйілуі, сүйек-бұлышықет қарысуы

Жекелеген жағымсыз реакциялар сипаттамасы

Терінің жалпақ жасушалы карциномасы

MEK115306 зерттеуіндегі дабрафенибпен монотерапияда терінің жалпақ жасушалы карциномасы (кератоакантома немесе кератоакантоманың аралас қосалқы типін қоса) пациенттердің 10%-да дамыды, осы орайда құбылыстардың 70% жуығы бірінші білінуіне дейін 8 апталық уақыт медианасымен емдеудің алғашқы 12 аптасы ішінде байқалды. Траметинибпен біріктірілген дабрафениб қауіпсіздігін бағалау үшін біріктіріп іріктеуде пациенттердің 2%-да терінің ЖЖК дамыды, осы орайда дабрафениб монотерапиясынан кейін дамыған құбылыстар алғаш туындауына дейін 18-31 апталық уақыт медианасына ие болды. Дабрафенибпен монотерапияда немесе траметинибпен біріктірілімде ем алатын терінің ЖЖК дамыған барлық пациенттер дозаны өзгертусіз емдеуді жалғастырды.

Жаңа бастапқы меланома

Меланома зерттеулерінде монотерапия режимінде және траметинибпен біріктірілімде дабрафениб қолданылған клиникалық зерттеулер шеңберінде жаңа бастапқы меланомалардың туындауы хабарланды. Бұл жағдайларды хирургиялық алып тастау жолымен емдеуге болады, ал емдеуді модификациялау қажет емес (4.4 бөлімін қараңыз). ӨҰЖО II фазасын зерттеу шеңберінде жаңа бастапқы меланомалар хабарланбады (BRF113928).

Терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер

BRAF тежегіштерінің әсеріне ұшыраған RAS-мутациясымен BRAF жабайы типті жасушаларында МАП-киназалық дабыл каскадының белсенділенуі байқалды, бұл RAS-мутацияларынан түзілген түзілімдерді қоса, пациенттерде басқаша орналасқан қатерлі түзілімдердің даму қаупінің артуына әкелуі мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз). Терілік емес қатерлі жаңа түзілімдер туралы дабрафениб монотерапиясының қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттердің 1%-да (6/586) және траметинибпен біріктірілген дабрафениб қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттердің <1%-да (8/1076) хабарланды. RAS-мутацияларынан түзілген түзілімдерді емдеу монотерапияда

және траметинибпен біріктірілімде дабрафениб көмегімен орындалды. Пациенттер клиникалық көрсетілімдеріне сай медициналық бақылауда болуы тиіс.

Қан кетулер

Дабрафенибпен біріктірілімде траметиниб қабылдаған пациенттерде, қатты қан кетулер және өлімге соқтыратын қан жоғалту оқиғаларын қоса, қан кету жағдайлары туындады. Траметиниб ДПЖС қараңыз.

СҚЛФ төмендеуі /Сол жақ қарынша дисфункциясы

Дабрафенибпен біріктірілімде траметиниб қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде тіркелген СҚЛФ төмендеу жағдайлары 6% (65/1076) құрады. Осы орайда көптеген жағдайлар симптомсыз және қайтымды болды. СҚЛФ нақты мекемеде белгіленген қалыптың жоғарғы шегінен төмен пациенттер дабрафенибтің клиникалық зерттеулерінде қамтылмады. Сол жақ қарынша функциясын бұзуы мүмкін патологиялары бар пациенттерде траметинибпен біріктірілімде дабрафенибті сақтықпен қолдану керек. Траметиниб ДПЖС қараңыз.

Пирексия

Клиникалық зерттеулерде монотерапия режимінде және траметинибпен біріктірілімде дабрафениб қабылдағанда қызбаның дамуы хабарланды; қызбаның жиілігі мен ауырлығы біріктірілген ем аясында күшейді (4.4 бөлімін қараңыз). Дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қабылдаған және қызба дамыған пациенттерде қызба туындаған алғашқы құбылыстардың шамамен жартысы алғашқы ай ішінде болды, ал пациенттердің шамамен үштен бірінде 3 немесе одан көп құбылыс анықталды. Қауіпсіздік бағалауы үшін біріккен іріктеуде монотерапия режимінде дабрафениб қабылдаған пациенттердің 1%-да инфекциялармен байланыссыз температура көтерілуінің күрделі құбылыстары бастапқы деңгейдегі бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде қатты дірілмен, сусызданумен, гипотензиямен және бүйректің жедел жеткіліксіздігімен немесе бүйрек жеткіліксіздігімен қатар жүретін қызба ретінде анықталды. Осы инфекциялармен байланыссыз температура көтерілуінің күрделі құбылыстардың туындауы, әдетте, емнің алғашқы айының ішінде болды. Инфекциялармен байланыссыз температура көтерілуінің күрделі құбылыстары болған пациенттер дозаны қабылдауды үзуге және/немесе дозаны азайтуға және демеуші емге жақсы жауап берді (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Бауыр тарапынан құбылыстар

Дабрафениб траметинибпен біріктірілімде қолданылған клиникалық зерттеулерде бауыр тарапынан болатын жағымсыз құбылыстар хабарланды. Траметиниб ДПЖС қараңыз.

Артериялық гипертензия

Траметиниб препаратын артериялық гипертензиясы бұрыннан бар немесе онсыз пациенттерде қолданғанда артериялық қысымның көтерілу көріністері болды. Артериялық қысымды бастапқы күйде өлшеу және оның траметинибпен емдеу кезіндегі өзгерісін қадағалау және стандартты дәрілер арқылы артериялық гипертензияны бақылап отыру керек.

Артралгия

Дабрафениб монотерапиясының және траметинибпен біріктірілімде дабрафенибтің қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде артралгия дамуы туралы өте жиі (25%) хабарланды, бұл құбылыстар көбінесе ауырлығы 1 және 2 дәрежедегі құбылыстар болса да, осы орайда ауырлығы 3 дәрежедегі құбылыстар сирек (<1%) кездесті, ал ауырлығы 4 дәрежедегі құбылыстардың дамуы хабарланбады.

Гипофосфатемия

Дабрафениб монотерапиясының (7%) және траметинибпен біріктірілімде дабрафенибтің (4%) қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде пациенттерде гипофосфатемия дамуы хабарланды. Дабрафенибпен монотерапия аясындағы осындай құбылыстардың шамамен жартысы (4%) және траметинибпен біріктірілімде

дабрафенибпен емдеу аясындағы құбылыстардың 1%-ы ауырлығы 3 дәрежедегі құбылыстарға жатқызылды.

Панкреатит

Дабрафенибпен монотерапия және дабрафенибпен біріктірілімде траметиниб қабылдаған пациенттерде панкреатит дамуы хабарланды. Іштің түсініксіз ауыруында сарысулық амилазалар мен липазалар деңгейін шұғыл өлшеу қажет. Панкреатит көрінісінен кейін дабрафениб препаратын қайта қабылдай бастайтын пациенттер мұқият қадағалауда болуы тиіс (4.4 бөлімін қараңыз).

Бүйрек функциясының бұзылуы

Қызбамен, бүйрек алдындағы азотемиямен немесе гранулематозды нефритпен байланысты болатын бүйрек жеткіліксіздігі жиі емес кездесті; дегенмен де, дабрафениб бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде (креатинин деңгейі $>1,5$ x қалыптың жоғарғы шегі (ULN) ретінде анықталады) зерттелмеген. Осылайша, аталған оқиғада сақтық таныту қажет (4.4 бөлімін қараңыз).

Пациенттердің ерекше қауымдары

Егде жастағы пациенттер

Монотерапия режимінде дабрафениб қолданудың қауіпсіздігін бағалау үшін біріккен іріктеуде (n=578) пациенттердің 22%-ы ≥ 65 жаста болды, 6 пациент ≥ 75 жаста болды. Жастау пациенттермен (<65) салыстырғанда, ³65 жастағы пациенттердің көп санында дозаны азайтуға (12%-ға қарсы 22%) және зерттелетін препаратты тоқтатуға (27%-ға қарсы 39%) алып келген жағымсыз реакциялар дамыды. Бұдан бөлек, жасы үлкен пациенттерде олардан жас пациенттермен салыстырғанда (22%-ға қарсы 41%) аса ауыр жағымсыз реакциялар туындады. Осы және жасырақ пациенттерде тиімділігінің жалпы өзгешеліктері анықталмады.

Траметинибпен біріктірілімде дабрафенибпен емнің қауіпсіздігін бағалау бойынша біріккен қауымдағы пациенттерде (n=1076), 265 пациент (25%) ≥ 65 жаста, 62 пациент (6%) ≥ 75 жаста болды. Екі зерттеуде де жағымсыз құбылыстарды (ЖҚ) өткерген пациенттер пайызы < 65 жастағы және ≥ 65 жастағы пациенттерде ұқсас болды. Дәрілік препаратты түпкілікті тоқтатуға, дозаны азайтуға және емдеуді тоқтатуға әкелген КЖҚ және ЖҚ ≥ 65 жастағы пациенттерде, 65 жастан аспаған пациенттерге қарағанда, зор ықтималдықпен дамыды.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

ДП «пайда - қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында ДП тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйесі арқылы ДП кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
<http://www.ndda.kz>

Қазақстан Республикасындағы «Новартис Фарма Сервисэз АГ» компаниясының филиалы

050022 Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 95

тел.: + 7 (727) 258-24-47

факс: + 7 (727) 244-26-51

e-mail: drugsafety.cis@novartis.com

4.9 Артық дозалану

Дабрафенибпен артық дозалану кезінде спецификалық емдеу жүргізілмейді. Егер артық дозалану болса, демеуші ем жүргізу және қажет болса тиісті мониторинг өткізу керек.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1 Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Антинеопластикалық препараттар. Антинеопластикалық басқа препараттар. Протеинкиназа тежегіштері. B-Raf (BRAF) серин-треонинкиназа тежегіштері. Дабрафениб

АТХ коды L01EC02

Әсер ету механизмі

Дабрафениб RAF-киназалар тежегіші болып табылады. BRAF генінің онкогенді мутациялары RAS/RAF/MEK/ERK жолдарының конститутивті белсенділенуіне алып келеді. Жиілігі жоғары BRAF генінің мутациялары, меланоманы қоса, спецификалық жаңа түзілімдерде анықталады (50% жуық жағдайда). BRAF генінің ең көп таралған мутациялары – V600E – меланома бар пациенттердегі BRAF генінің барлық мутацияларынан 90% құрайды.

Биохимиялық зерттеулер барысында алынған клиникаға дейінгі деректер дабрафенибтің 600 кодонда мутацияларды белсендіріп, BRAF киназасын тежейтінін көрсетті (5 кесте).

5 кесте RAF-киназаға қарсы дабрафенибтің киназалық тежегіштік белсенділігі

Киназа	50 (нМ) бәсеңдету концентрациясы
BRAF V600E	0.65
BRAF V600K	0.50
BRAF V600D	1,8
BRAF WT	3,2
CRAF WT	5.0

Дабрафениб төменде жатқан фармакодинамикалық маркерді (жасушадан тыс реттелетін фосфорланған ERK киназасы) бәсеңдетеді және *in vitro* да, жануарларда да BRAF V600 мутациясы тудыратын меланома жасушаларында жасушалық өсуді тежейді.

BRAF V600E мутациясымен меланома бар пациенттерде дабрафениб қолдану, бастапқы деңгеймен салыстырғанда, жасушадан тыс реттелетін фосфорланған ERK киназасының тежелуіне алып келеді.

Траметинибпен біріктірілім

Траметиниб митоген белсендіретін, жасушадан тыс дабылдармен реттелетін 1 киназаның (MEK1) және MEK2 киназалық белсенділігін де күшейтетін қайтымды, жоғары іріктелетін аллостериялық тежегіші болып табылады. MEK ақуыздары киназаның (ERK) жасушадан тыс реттелетін жолының компоненттері болып табылады. Осылайша, траметиниб пен дабрафениб осы жолдағы MEK және RAF екі киназасын тежейді, ал демек, аталған біріктірілім осы жолдың қатарлас тежелуін қамтамасыз етеді. Дабрафенибтің траметинибпен біріктірілімі BRAF V600 гені мутациясымен меланоманың жасушалық желілерінде *in vitro* синергиялық әсерін көрсетеді және BRAF V600 гені мутациясымен меланоманың ксенотранспланттарында *in vivo* төзімділік дамуын кідіртеді.

BRAF мутациясы статусын белгілеу

Дабрафенибті немесе оның траметинибпен біріктірілімін қабылдар алдында пациенттерде бекітілген диагностикалық зерттеу арқылы BRAF V600 мутациясының оң нәтижелі ісік статусы расталған болуы тиіс. II және III фазалардың клиникалық зерттеулерінде бұрыннан бар ісік үлгілерінің ең жаңаларында BRAF мутациясына сынама қолданумен BRAF V600 мутациясына орталық зерттеу жүргізуді талап ететін жарамдылығына скрининг жасалды. Бастапқы ісік немесе метастаздан алынған ісік тек зерттеушілік пайдалану (ТЗП) үшін ғана талдау арқылы тексерілді. ТЗП – бұл

парафинмен қатырылған және формалин құйылған ісік тінінен экстракция жасалған ДНҚ үлгілерінде орындалған аллель-спецификалық полимеразалық тізбекті реакция көмегімен анықтау әдісі. Осы талдау V600E және V600K мутацияларын дифференциациялау үшін арнайы әзірленген. BRAF V600E немесе V600K мутациялары бойынша оң нәтижелі ісіктері бар пациенттердің ғана зерттеуге қатысу мүмкіндігі болды.

Кейіннен пациенттер тіндерінің барлық үлгілері CE таңбалануымен «БиоМерье» (bioMerieux) (bMx) THxID BRAF компаниясының бекітілген талдауын қолданумен қайта талданды. bMx THxID BRAF парафинмен қатырылған және формалин құйылған ісік тінінен алынған ДНҚ қолданумен өткізілген аллель-спецификалық ПТР түрінде болады. Талдау сезімталдығы жоғары BRAF V600E немесе V600K мутацияларын анықтау үшін әзірленген (парафинмен қатырылған және формалин құйылған ісік тінінен алынған ДНҚ қолданумен жабайы типті негізгі бірізділікте V600E және V600K реттілігінің 5% дейін). Сэнгер бойынша ретроспективті екі бағытты секвенирленген клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер осы зерттеудің сезімталдығы аз, жиілігі аз BRAF V600D мутациясын және V600E/K601E мутациясын анықтау мүмкіндігін де береді. THxID BRAF талдауы негізінде мутациясы оң нәтижелі болған және кейіннен эталондық әдіс қолданумен секвенирленген клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулерден (n = 876) алынған үлгілер үшін талдаудың спецификалық сипаты 94% құрады.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Резекция жасалмайтын немесе метастаздық меланома

• Дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қолдану

Ем қабылдамаған пациенттер

BRAF V600 мутациясымен операция жасалмайтын немесе метастаздық меланома бар ересек пациенттерді емдегенде траметинибтің (күніне бір рет 2 мг) дабрафенибпен (күніне екі рет 150 мг) біріктіріліп ұсынылатын дозасының қауіпсіздігі мен тиімділігі ІІІ фазаның екі зерттеуінде және І/ІІ фазаның бір қосалқы зерттеуінде бағаланды.

MEK115306 (COMBI-d):

MEK115306 зерттеуі BRAF V600E/K мутациясы оң нәтижелі терінің операция жасалмайтын (ІІІ саты) немесе метастаздық (ІV саты) меланома бар пациенттерде бірінші желідегі ем ретінде дабрафениб пен траметиниб біріктірілімін дабрафениб пен плацебо біріктірілімімен салыстыруға бағытталған ІІІ фазаның рандомизацияланған салыстырмалы жасырын зерттеуі түрінде болды. Зерттеудің бастапқы соңғы нүктесі үдеусіз тіршілік қабілеті (ҮТҚ) болды, ал шешуші екінші соңғы нүктесі жалпы тіршілік қабілеті (ЖТ) болды. Пациенттер лактатдегидрогеназа (ЛДГ) деңгейі (ҚЖШ жоғары және ҚЖШ төмен) және BRAF мутациясының типі бойынша (V600E және V600K) топтарға бөлінді.

Препараттар біріктірілімін (N=211) немесе дабрафенибті (N=212) алу үшін 1:1 арақатынасында барлығы 423 пациент рандомизацияланды. Пациенттердің көпшілігі еуропалық нәсілден (> 99%) және ер жынысынан (53%) болды, жас медианасы 56 жасты құрады (28%-ы 65 жастан асқан болды). Пациенттердің көпшілігінде ІVМ1с (67%) ауруының сатысы болды. Пациенттердің көпшілігі ЛДГ деңгейі ҚЖШ-нен аз (65%), Шығыс онкологтарының біріккен тобының (ECOG) шкаласы бойынша функционалдық статусы 0 (72%) және ішкі ағзалардағы бастапқы күйдегі метастаздар (73%) болды. Пациенттердің көпшілігінде (85%) BRAF V600E мутациясы болды. Мидағы метастаздары бар пациенттер зерттеуге қосылмады.


Жалпы тіршілік қабілетінің (ЖТ) медианасы және 1-жылдық, 2-жылдық, 3-жылдық, 4-жылдық және 5-жылдық тіршілік қабілетінің күтілетін көрсеткіштері 6 кестеде берілген. ЖТ талдауынан 5 жыл өткенде ЖТ медианасының, дабрафениб монотерапиясымен салыстырғанда, шамамен 7 ай жоғары (18,7 айға керісінше 25,8 ай) екені, осы орайда 5-жылдық тіршілік қабілеті, дабрафенибпен монотерапия үшін 27%-

бен салыстырғанда, біріктірілген ем үшін 32% құрады (6 кесте, 1 сурет). Каплан-Мейер тіршілік қабілетінің қисығы 3-тен 5 жылға дейінгі аралықта тұрақтанады (1 суретті қараңыз). Бастапқы күйде ЛДГ деңгейі қалыпты болған пациенттердің жалпы 5-жылдық тіршілік қабілеті, дабрафенибпен монотерапия тобындағы 33%-бен салыстырғанда (95% СА: 25,0; 41,0), біріктірілген ем тобында 40% (95 % СА: 31,2; 48,4) құрады. Бастапқы күйде ЛДГ деңгейі жоғары болған пациенттердің жалпы 5-жылдық тіршілік қабілеті, дабрафенибпен монотерапия тобындағы 14%-бен салыстырғанда (95% СА: 6,8;23,1), біріктірілген ем тобында 16% (95% СА: 8,4; 26,0) құрады.

6 кесте. MEK115306 зерттеуіндегі жалпы тіршілік қабілетінің (ЖТ) көрсеткіштері (COMBI-d)

	ЖТ талдауы (12 қаңтар 2015 ж. деректер есебін тоқтату)		5-жылдық ЖТ талдауы (10 желтоқсан 2018 ж. деректер есебін тоқтату)	
	Дабрафениб + Траметиниб (n = 211)	Дабрафениб + Плацебо (n = 212)	Дабрафениб + Траметиниб (n = 211)	Дабрафениб + Плацебо (n = 212)
Пациенттер саны				
өліммен аяқталу, n (%)	99 (47)	123 (58)	135 (64)	151 (71)
Күтілетін ЖТ (айлар)				
Медиана (95% СА)	25,1 (19,2–ҚЖ)	18,7 (15,2–23,7)	25,8 (19,2–38,2)	18,7 (15,2–23,1)
Қауіптер қатынасы (95% СА)	0,71 (0,55–0,92)		0,80 (0,63–1,01)	
Р мәні	0,011		ҚЕ	
Күтілетін ЖТ, % (95% СА)	Дабрафениб + Траметиниб (n = 211)		Дабрафениб + Плацебо (n = 212)	
1 жыл	74 (66,8–79,0)		68 (60,8–73,5)	
2 жыл	52 (44,7–58,6)		42 (35,4–48,9)	
3 жыл	43 (36,2–50,1)		31 (25,1–37,9)	
4 жыл	35 (28,2–41,8)		29 (22,7–35,2)	
5 лет	32 (25,1–38,3)		27 (20,7–33,0)	

ҚЖ — қол жеткізілмеді, ҚЕ — қатысты емес



1 сурет. MEK115306 зерттеуіне арналған Каплан-Мейер жалпы тіршілік қабілетінің қисықтары (тағайындалған емдеуге сәйкес қауым (ITT))

Статистикалық мәнді жақсарулар, дабрафенибпен монотерапия тобына қарағанда, біріктірілген ем тобында 5 жыл өткен соң ҮТҚ бастапқы соңғы нүктесіне тән болды. Сонымен қатар, дабрафенибпен монотерапия тобымен салыстырғанда, біріктірілген ем тобында объективті жауабы (ОЖЖ) және ауқымды жауап ұзақтығы (ЖҰ) болған пациенттердің жалпы пайызының артуы білінді (7 кесте).

7 кесте. MEK116513 зерттеуінде тиімділікті бағалау нәтижелері (COMBI-v)

Соңғы нүкте	Бастапқы талдау (26 тамыз 2013 ж. деректер есебін тоқтату)		Қосымша талдау (12 қаңтар 2015 ж. деректер есебін тоқтату)		5-жылдық талдау (10 желтоқсан 2018 ж. деректер есебін тоқтату)	
	Дабрафен иб + Траметин иб (n = 211)	Дабрафен иб + Плацебо (n = 212)	Дабрафен иб + Траметини б (n = 211)	Дабрафениб + Плацебо (n = 212)	Дабрафен иб + Траметин иб (n = 211)	Дабрафениб + Плацебо (n = 212)
ҮТҚ ^a						
Үдемелі ауру немесе өліммен аяқталу, n (%)	102 (48)	109 (51)	139 (66)	162 (76)	160 (76)	166 (78)
Үдеусіз тіршілік қабілетінің орташа мәні (айлар) (95% СА)	9,3 (7,7; 11,1)	8,8 (5,9; 10,9)	11,0 (8,0; 13,9)	8,8 (5,9; 9,3)	10,2 (8,1; 12,8)	8,8 (5,9; 9,3)
Қауіптер қатынасы (95% СА)	0,75 (0,57; 0,99)		0,67 (0,53; 0,84)		0,73 (0,59; 0,91)	
P мәні	0,035		< 0,001 ^f		ҚЕ	
ОЖЖ ^b	67	51	69	53	69	54

(95% СА)	(59,9; 73,0)	(44,5, 58,4)	(61,8,74,8)	(46,3; 60,2)	(62,5; 75,4)	(46,8; 60,6)
ОЖЖ айырмасы (95% СА)	15 ^e (5,9, 24,5)		15 ^e (6,0, 24,5)		ҚЕ	
Р мәні	0,0015		0,0014		ҚЕ	
ТЖ ^c (айлар) Медиана (95% СА)	9,2 ^d (7,4, ҚЖ)	10,2 ^d (7,5, ҚЖ)	12,9 (9,4; 19,5)	10,6 (9,1, 13,8)	12,9 (9,3; 18,4)	10,2 (8,3; 13,8)

a – үдеусіз тіршілік қабілеті (зерттеушінің бағалауы бойынша)

b – объективті жауап = толық жауап + жартылай жауап берген пациенттердің жалпы пайызы

c – жауап ұзақтығы

d – есеп беру сәтінде зерттеуші бағалаған жауаптардың көпшілігі (≥ 59%) әлі қабылдап алу сатысында болды.

e – ОЖЖ мәндеріндегі айырма дөңселектенбеген ОЖЖ мәнінің есебімен алынады.

f – қосымша талдау жоспарланбады, р мәні көптеген тестілеуге түзетулер есебісіз келтірілді

ҚЖ – қол жеткізілмеді.

ҚЕ – қатысты емес

МЕК116513 (COMBI-v):

МЕК116513 зерттеуі BRAF V600 мутациясы бойынша оң нәтижелі метастаздық меланомада дабрафениб пен траметиниб біріктірілімі вемурафениб монотерапиясымен салыстырылған 2 топта жүргізілген III фазаның рандомизацияланған ашық зерттеуі болды. Зерттеудің бастапқы соңғы нүктесі жалпы тіршілік қабілеті, ал екінші соңғы нүктесі ҮТҚ болды. Пациенттер лактатдегидрогеназа (ЛДГ) деңгейі бойынша (ҚЖШ жоғары және ҚЖШ төмен) және BRAF мутациясының типі бойынша (V600E және V600K) топтарға бөлінді.


Барлығы 704 пациент 1:1 арақатынасында препараттар біріктірілімін немесе вемурафениб алу үшін рандомизацияланды. Пациенттердің көпшілігі еуропалық нәсілден (96%-дан астам) және ер жынысынан (55%) болды, жас медианасы 55 жасты құрады (24%-ы 65 жастан асқан шамада болды). Субъектілердің көпшілігі аурудың IV М1с сатысында болды (61%). Субъектілердің көпшілігінде ЛДГ деңгейі ҚЖШ төмен (67%), ECOG бойынша функционалдық статусы 0 (70%) және ішкі ағзаларында бастапқы күйдегі метастаздары (78%) болды. Пациенттердің 54%-да бастапқы күйде 3-ден аз ауру ошағы болды. Пациенттердің көпшілігінде BRAF V600E мутациясы бойынша оң нәтижелі меланома (89%) болды. Зерттеуге мидағы метастаздары бар пациенттер қосылмады.

Жалпы тіршілік қабілетінің (ЖТ) медианасы және 1-жылдық, 2-жылдық, 3-жылдық, 4-жылдық және 5-жылдық тіршілік қабілетінің күтілетін көрсеткіштері 8 кестеде берілді. ЖТ талдауынан 5 жыл өткен соң біріктірілген ем үшін ЖТ медианасының, вемурафениб монотерапиясымен салыстырғанда, 8 айға жоғары екені шамамен көрінеді (17,8 айға керісінше 26,0), осы орайда 5-жылдық тіршілік қабілеті, вемурафенибпен монотерапия үшін 23%-бен салыстырғанда, біріктірілген ем үшін 36% құрайды (8 кесте, 2 сурет). Каплан-Мейер тіршілік қабілетінің қисығы 3-тен 5 жылға дейінгі аралықта тұрақтанады (2 суретті қараңыз). Бастапқы күйдегі ЛДГ деңгейі қалыпты болған пациенттердің жалпы 5-жылдық тіршілік қабілеті, вемурафенибпен монотерапия тобындағы 28%-бен (95% СА: 22,5; 34,6) салыстырғанда, біріктірілген ем тобында 46% (95% СА: 38,8; 52,0) құрады. Бастапқы күйдегі ЛДГ деңгейі жоғары болған пациенттердің жалпы 5-жылдық тіршілік қабілеті, вемурафенибпен монотерапия тобындағы 10%-бен (95% СА: 5,1; 17,4) салыстырғанда, біріктірілген ем тобында 16% (95% СА: 9,3; 23,3) құрады.

8 кесте. МЕК116513 зерттеуіндегі жалпы тіршілік қабілетінің (ЖТ) көрсеткіштері (COMBI-v)

	ЖТ талдауы (13 наурыз 2015 ж. деректер есебін тоқтату)		5-жылдық ЖТ талдауы (08 қазан 2018 ж. деректер есебін тоқтату)	
	Дабрафениб + Траметиниб (n = 352)	Вемурафениб (n = 352)	Дабрафениб + Траметиниб (n = 352)	Вемурафениб (n = 352)
Пациенттер саны				
Өліммен аяқталу, n (%)	155 (44)	194 (55)	216 (61)	246 (70)
Күтілетін ЖТ (айлар)				
Медиана (95% СА)	25,6 (22,6–ҚЖ)	18,0 (15,6–20,7)	26,0 (22,1–33,8)	17,8 (15,6–20,7)
Түзетілген қауіптер қатынасы (95% СА)	0,66 (0,53–0,81)		0,70 (0,58–0,84)	
Р мәні	< 0,001		ҚЕ	
Күтілетін ЖТ, % (95% СА)	Дабрафениб + Траметиниб (n = 352)		Вемурафениб (n = 352)	
1 жыл	72 (67–77)		65 (59–70)	
2 жыл	53 (47,1–57,8)		39 (33,8–44,5)	
3 жыл	44 (38,8–49,4)		31 (25,9–36,2)	
4 жыл	39 (33,4–44,0)		26 (21,3–31,0)	
5 жыл	36 (30,5–40,9)		23 (18,1–27,4)	

ҚЖ — қол жеткізілмеді, ҚЕ — қатысты емес.



2 сурет. Каплан-Мейер жалпы тіршілік қабілетінің қисықтары – MEK116513 зерттеуінің нақтыланған талдауы

Статистикалық мәнді жақсарулар ҮТҚ екінші соңғы нүктесі үшін 5 жыл өткен соң, вемурафенибпен монотерапия тобына қарағанда, біріктірілген ем тобында орнықты сақталды. Сонымен қатар, вемурафенибпен монотерапия тобымен салыстырғанда, біріктірілген ем тобында объективті жауабы (ОЖЖ) және ауқымды жауап ұзақтығы (ЖҮ) болған пациенттердің жалпы пайызының артуы білінді (9 кесте).

9 кесте. MEK116513 зерттеуіндегі тиімділікті бағалау нәтижелері (COMBI-v)

Соңғы нүкте	Бастапқы талдау (17 сәуір 2014 ж. деректер есебін тоқтату)		5-жылдық талдау (08 қазан 2018 ж. деректер есебін тоқтату)	
	Дабрафениб + траметиниб (n = 352)	Вемурафениб (n = 352)	Дабрафениб + траметиниб (n = 352)	Вемурафениб (n = 352)
ҮТҚ ^a				
Үдемелі ауру немесе өліммен аяқталу, n (%)	166 (47)	217 (62)	257 (73)	259 (74)
ҮТҚ медианасы (айлар) (95% СА)	11,4 (9,9–14,9)	7,3 (5,8–7,8)	12,1 (9,7–14,7)	7,3 (6,0–8,1)
Қауіптер қатынасы (95% СА)	0,56 (0,46–0,69)		0,62 (0,52–0,74)	
Р мәні	< 0,001		ҚЕ	
ОЖЖ ^b % (95% СА)	64 (59,1; 69,4)	51 (46,1; 56,8)	67 (62,2–72,2)	53 (47,2–57,9)
ОЖЖ айырмасы (95% СА)	13 (5,7; 20,2)		ҚЕ	
Р мәні	0,0005		ҚЕ	
ТЖ ^c (айлар) Медиана (95% СА)	13,8 ^d (11,0, ҚЖ)	7,5 ^d (7,3; 9,3)	13,8 (11,3–18,6)	8,5 (7,5–9,3)

a – үдеусіз тіршілік қабілеті (зерттеушінің бағалауы бойынша)

b – объективті жауап = толық жауап + жартылай жауап берген пациенттердің жалпы пайызы,

c – жауап ұзақтығы

d – есеп беру сәтінде зерттеуші бағалаған жауаптардың көпшілігі (59% дабрафениб + траметиниб, 42% вемурафениб) әлі қабылдап алу сатысында болды.

ҚЖ – қол жеткізілмеді.

ҚЕ – қатысты емес

BRAF тежегіштерімен алдыңғы ем

BRAF тежегішін алдын ала қолдану кезінде үдеуі білінген, дабрафенибтің траметинибпен біріктірілімін қабылдаған пациенттер туралы шектеулі деректер бар.

BRF113220 зерттеуінің В бөлімінде BRAF тежегішімен емдеу кезінде ауруы үдеп кеткен 26 пациенттен тұратын қауым қамтылды. Күніне бір рет 2 мг траметиниб пен

күніне екі рет 150 мг дабрафенибті біріктіру BRAF тежегішімен емдеу кезінде ауруы үдеп кеткен пациенттердегі шектеулі клиникалық белсенділігін көріністеді. Зерттеушінің бағалауы бойынша расталған жауап пайызы 15% (95% СА: 4,4; 34,9) құрап, ал ҮТҚ медианасы 3,6 айға созылды (95% СА: 1,9; 5,2). Осыған ұқсас нәтижелер аталған зерттеудің С бөлімінде дабрафенибпен монотерапия тобынан күніне бір рет 2 мг траметиниб пен күніне екі рет 150 мг дабрафенибті біріктіру тобына ауысқан 45 пациентте байқалды. Осы пациенттердің 13%-да расталған жауап (95% СА: 5,0; 27,0) 3,6 айға созылған ҮТҚ медианасында (95% СА: 2; 4) байқалды.

Мида метастаздары бар пациенттер

Мида метастаздалатын BRAF мутациясымен меланома бар пациенттерде дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі ІІ фазаның рандомизацияланбаған ашық көп орталықтық зерттеуі (COMBI-MB) барысында зерттелді. Зерттеуге қауымдарға бөлінген 125 пациент қосылды:

- А қауымы: Шығыс біріккен онкологтар тобының (ECOG) шкаласы бойынша функционалдық статусы 0 немесе 1, миға әсер ететін жергілікті ем жүргізілмеген мидағы симптомсыз метастаздармен BRAFV600E мутациясымен меланома бар пациенттер.
- В қауымы: Шығыс біріккен онкологтар тобының (ECOG) шкаласы бойынша функционалдық статусы 0 немесе 1, миға әсер ететін жергілікті ем бұрын жүргізілген мидағы симптомсыз метастаздармен BRAFV600E мутациясымен меланома бар пациенттер.
- С қауымы: Шығыс біріккен онкологтар тобының (ECOG) шкаласы бойынша функционалдық статусы 0 немесе 1, бұрын миға әсер ететін жергілікті ем жүргізілген немесе жүргізілмеген мидағы симптомсыз метастаздармен BRAFV600D/K/R мутациясымен меланома бар пациенттер.
- D қауымы: Шығыс біріккен онкологтар тобының (ECOG) шкаласы бойынша функционалдық статусы 0, 1 немесе 2, бұрын миға әсер ететін жергілікті ем жүргізілген немесе жүргізілмеген, клиникалық көріністерімен қатар жүретін мидағы метастаздармен BRAFV600D/K/R мутациясымен меланома бар пациенттер.

Зерттеудің бастапқы соңғы нүктесі А қауымындағы емге бассүйекішілік жауап болды, ол модификацияланған «Ауқымды ісіктер жауабын бағалау критерийлерін» (Response Evaluation Criteria In Solid Tumors, RECIST 1.1) пайдаланумен зерттеуші бағалаған бассүйекішілік жауабы расталған пациенттер саны ретінде (пайыздарда) айқындалды. Екінші соңғы нүктелер В, С және D қауымдарындағы емге бассүйекішілік жауапты қамтыды. Ауқымды сенім аралықтарымен көріністелген шағын іріктеу көлемінің салдарынан В, С және D қауымдарындағы нәтижелер сақтықпен түсіндірілу керек.

Тиімділікті бағалау нәтижелері 10 кестеде берілген.

10 кесте. COMBI-MB зерттеуіндегі тиімділікті бағалау нәтижелері (зерттеушінің бағалауы бойынша).

Соңғы нүктелер/бағалау	Ем қабылдаған барлық пациенттер			
	А қауымы n = 76	В қауымы n = 16	С қауымы n = 16	D қауымы n = 17
Бассүйекішілік жауап, % (95% СА)	59 (47,3–70,4)	56 (29,9–80,2)	44 (19,8–70,1)	59 (32,9–81,6)
Бассүйекішілік жауап ұзақтығы, медиана, айлар (95% СА)	6,5 (4,9–8,6)	7,3 (3,6–12,6)	8,3 (1,3–15,0)	4,5 (2,8–5,9)
Объективті жауап берген пациенттердің жалпы пайызы, % (95% СА)				

	59 (47,3–70,4)	56 (29,9–80,2)	44 (19,8–70,1)	65 (38,3–85,8)
Үдеусіз тіршілік қабілеті, медиана, айлар (95% СА)	5,7 (5,3–7,3)	7,2 (4,7–14,6)	3,7 (1,7–6,5)	5,5 (3,7–11,6)
Жалпы тіршілік қабілеті, медиана, айлар (95% СА)	10,8 (8,7–17,9)	24,3 (7,9–ҚЖ)	10,1 (4,6–17,6)	11,5 (6,8–22,4)

СА — сенім аралығы,
ҚЖ — қол жеткізілмеді

• Дабрафенибпен монотерапия

BRAF V600 мутациясымен операция жасалмайтын немесе метастаздық меланома бар ересек пациенттерді, BRAF V600E және/немесе V600K мутацияларымен пациенттерді қоса [3, 6], емдеу үшін дабрафенибті қолдану тиімділігі 3 клиникалық зерттеу (BRF113683 [BREAK-3], BRF113929 [BREAK-MB] және BRF113710 [BREAK-2]) барысында бағаланды.

Клиникалық зерттеулерде BRAF V600 мутациясымен 402 пациент және BRAF V600K мутациясымен 49 пациент қамтылды. V600E-ден басқа, өзгеше BRAF мутациясымен меланома бар пациенттер растау зерттеуінен шығарылды. Салыстырылмайтын зерттеулерде V600K мутациясымен пациенттердің белсенділігі V600E мутациясы бар пациенттерден төменірек болды.

V600E және V600K мутацияларынан басқа, BRAF V600 өзге мутацияларымен меланома бар пациенттер жөнінде деректер жоқ. Бұрын протеин киназа тежегішімен емделген пациенттердегі дабрафениб тиімділігі зерттелмеді.

Бұрын ем қабылдамаған пациенттер (III фаза зерттеуінің нәтижелері [BREAK-3])

Дабрафенибті қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі BRAF V600E мутациясымен, кең таралған (резекция жасалмайтын, III саты) немесе метастаздық меланомамен (IV саты) бұрын ем алмаған пациенттер қауымында дабрафениб дакарбазинмен (DTIC) салыстырылған III фазаның рандомизацияланған ашық зерттеуі [BREAK-3] барысында бағаланды.

V600E-ден басқа, өзге BRAF мутацияларымен меланома бар пациенттер зерттеуден шығарылды.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты зерттеушінің бағалауы бойынша ҮТҚ есебімен DTIC-пен салыстырмалы дабрафениб қолдану тиімділігін бағалаумен жүзеге асады. DTIC тобындағы пациенттерге бастапқы бағалау сәтінен бастап үдеуінің тәуелсіз рентгенологиялық расталуынан кейін дабрафениб тобына ауысуға рұқсат етілді. Бастапқы сипаттамалары емдеу топтары арасында теңестірілді. Пациенттердің алпыс пайызы ерлер, пациенттердің 99,6%-ы еуропалық нәсіл өкілдері болды. Орта жас 52 жасты құрады (21%-ы 65 жастан асқан шамада болды); пациенттердің 98,4%-да Шығыс біріккен онкологтар тобының (ECOG) шкаласы бойынша 0 немесе 1 функционалдық статусы болды; ал пациенттердің 97%-ы анамнезінде метастаздар болды.

2011 ж. 19 желтоқсанда деректер жинауды тоқтатумен алдын ала белгіленген талдау барысында ҮТҚ көрсеткішінің бастапқы соңғы нүктесінде елеулі жақсаруға жету сәті түсті (ҚҚ=0,30; 95% СА 0,18; 0,51; $p < 0,0001$). Кейінгі қадағалаудың 6-айлық қосымша кезеңімен бастапқы талдау және ретроспективті талдау барысында алынған тиімділік деректері 11 кестеде жинақталған. 2012 ж. 18 желтоқсанда деректер жинауды тоқтатумен қосымша ретроспективті талдаудан ЖТ бойынша деректер 3 суретте берілді.

11 кесте. Бұрын емделмеген пациенттердегі нәтижелер тиімділігі (BREAK-3 зерттеуі, 25 маусым 2012 жыл)

	19 желтоқсан 2011 жыл деректері		25 маусым 2012 жыл деректері	
	Дабрафениб (n = 187)	Дакарбазин (n = 63)	Дабрафениб (n = 187)	Дакарбазин (n = 63)
Үдеусіз тіршілік қабілеті				
Медианалық мән (айлар) (95% СА)	5,1 (4,9; 6,9)	2,7 (1,5; 3,2)	6,9 (5,2; 9,0)	2,7 (1,5; 3,2)
Қауіптер арақатынасы (95% СА)	0,30 (0,18; 0,51) P < 0,0001		0,37 (0,24; 0,58) P < 0,0001	
Жалпы жауап				
% (95% СА)	53 (45,5; 60,3)	19 (10,2; 30,9)	59 (51,4; 66,0)	24 (14; 36,2)
Жауап ұзақтығы				
Медианалық мән (айлар) (95% СА)	n = 99 5,6 (4,8, ҚЖ)	n = 12 ҚЖ (5,0, НД)	N=110 8,0 (6,6; 11,5)	N = 15 7,6 (5,0; 9,7)

Қысқартулар: СА: сенім аралығы DTIC: дакарбазин; ҚҚ: Қауіптер қатынасы; ҚЖ: қол жеткізілмеді

^a Толық жауап + жартылай жауап болып айқындалады.


Деректер есебі тоқтатылған 2012 ж. 25 маусым күні DTIC қабылдау тобына рандомизацияланған 63 пациенттің 35-ы (55,6%) дабрафениб тобына ауыстырылды, ал дабрафениб тобына рандомизацияланған пациенттердің 63%-да және DTIC тобына рандомизацияланған пациенттердің 79%-да ауру үдеп кетті немесе өліммен аяқталу болды. Ауысудан соң ҮТҚ медианасы 4,4 айға созылды.

12 кесте. Бастапқы талдау және ретроспективті талдау негізіндегі тіршілік қабілетінің деректері

Деректер жинауды тоқтату күні	Емдеу	Өліммен аяқталған оқиғалар саны (%)	Қауіптер қатынасы (95% СА)
19 желтоқсан 2011 ж.	дакарбазин	9 (14 %)	0,61 (0,25; 1,48) (a)
	дабрафениб	21 (11 %)	
25 маусым 2012 ж.	дакарбазин	21 (33%)	0,75 (0,44; 1,29) (a)
	дабрафениб	55 (29%)	
18 желтоқсан 2012 ж.	дакарбазин	28 (44%)	0,76 (0,48; 1,21) (a)
	дабрафениб	78 (42%)	

^(a) Деректер жинауды тоқтатқан сәтте пациенттер бойынша нәтижелерге цензуранбады.

2012 ж. 18 желтоқсанда деректер жинауды тоқтатумен қосымша ретроспективті талдаудан алынған ЖТ деректері, тиісінше, дакарбазин (DTIC) және дабрафениб топтарында 63% және 70%-ға тең 12-айлық ЖТ жиілігін көрсетті.



3 сурет. Каплан-Мейер жалпы тіршілік қабілетінің қисықтары (BREAK-3) (18 желтоқсан 2012 ж.)

Мидағы метастаздары бар пациенттер (II фаза зерттеуінің деректері (BREAK-MB) BREAK-MB зерттеуі екі қауымда жүргізілген II фазаның көп орталықтық ашық зерттеуі түрінде болды, онда мида метастаздалатын BRAF (V600E or V600K) мутациясымен гистологиялық расталған меланома (IV саты) бар пациенттерде дабрафенибпен емге бассүйекшілік жауап бағаланды. Пациенттер А қауымына (мидағы метастаздар себебімен бұрын жергілікті ем алмаған пациенттер) немесе В қауымына (мидағы метастаздар себебімен бұрын жергілікті ем алған пациенттер) қосылды.

Зерттеудің бастапқы соңғы нүктесі V600E мутациясымен пациенттер қауымында бассүйекшілік жауаптың жалпы жиілігі (БЖЖЖ) болды (зерттеушілердің бағалауы бойынша). Зерттеушінің бағалауы бойынша расталған БЖЖЖ және тиімділігіне қатысты басқа да деректер 13 кестеде көрсетілді.

13 кесте. Мида метастаздары бар пациенттердегі ем тиімділігінің деректері (BREAK-MB зерттеуі)

	Ем қабылдаған барлық пациенттер			
	BRAF V600E (бастапқы)		BRAF V600K	
	А қауымы N=74	В қауымы N=65	А қауымы N=15	В қауымы N=18
Бассүйекшілік жауаптың жалпы жиілігі, % (95% СА) ^a				
	39 % (28,0; 51,2) P < 0,001 ^b	31 % (19,9; 43,4) P < 0,001 ^b	7 % (0,2; 31,9)	22 % (6,4; 47,6)
Бассүйекшілік жауап ұзақтығы, медиана, айлар (95% СА)				
	n = 29 4,6 (2,8, ҚЕ)	n = 20 6,5 (4,6; 6,5)	n = 1 2,9 (ҚЕ, ҚЖ)	n = 4 3,8 (ҚЕ, ҚЖ)
Жалпы жауап, % (95% CI) ^a				
	38 % (26,8; 49,9)	31 % (19,9; 43,4)	0 (0; 21,8)	28 % (9,7; 53,5)
Жауап ұзақтығы, медиана, айлар (95% СА)				

	n = 28 5,1 (3,7, ҚЕ)	n = 20 4,6 (4,6; 6,5)	Қ/Е	n = 5 3,1 (2,8, ҚЕ)
Үдеусіз орташа тіршілік қабілеті, айлар (95% СА)				
	3,7 (3,6; 5,0)	3,8 (3,6; 5,5)	1,9 (0,7; 3,7)	3,6 (1,8; 5,2)
Орташа жалпы тіршілік қабілеті, айлар (95% СА)				
Медианалық мән (айлар)	7,6 (5,9, ҚЕ)	7,2 (5,9, ҚЕ)	3,7 (1,6; 5,2)	5,0 (3,5, ҚЕ)

Қысқартулар: СА: сенім аралығы, ҚЖ: қол жеткізілмейді, ҚЕ: қатысты емес

^a Расталған жауап.

^b Осы зерттеу БЖЖЖ $\leq 10\%$ туралы нөлдік болжамды (ретроспективті зерттеу деректері негізінде) BRAF V600E мутациясымен пациенттердегі $\geq 30\%$ БЖЖЖ туралы баламалы болжамның пайдасы үшін растау немесе жоққа шығару үшін әзірленді.

Бұрын ем қабылдамаған немесе жүйелі емнің кем дегенде бір курсына жауап бермеген пациенттер (II фаза зерттеуінің нәтижелері [BREAK-2])

BRF113710 (BREAK-2) зерттеуі көп орталықтық салыстырмалы емес зерттеу түрінде болды, онда метастаздық меланома (IV саты) және BRAF V600E немесе V600K92 мутациясы расталған меланома бар 92 пациент қамтылды.

Зерттеушінің бағалауы бойынша BRAF V600E мутациясымен метастаздық меланома бар пациенттер қауымында (n = 76) расталған жауап пайызы 59% құрап (95% СА: 48,2; 70,3), ал 6,5 айға тең кейінгі қадағалау медианасы негізінде жауап ұзақтығының медианасы 5,2 айға созылды (95% СА: 3; 9, есептеп шығаруға келмейді). BRAF V600K мутациясымен метастаздық меланома бар пациенттердегі (n = 16) жауап пайызы 13% (95% СА: 0,0; 28,7) құрап, жауап ұзақтығының медианасы 5,3 айға тең болды (95% СА: 3,7; 6,8). Пациенттердің шағын саны түріндегі шектеуге қарамастан, ЖТ медианасы BRAF V600E мутацияларымен пациенттер деректеріне сәйкес болды.

III сатыдағы меланоманы адъювантты емдеу

BRF115532 (COMBI-AD)

Дабрафенибті траметинибпен біріктірілімде қолдану қуаіпсіздігі мен тиімділігі толық резекциялаудан кейінгі BRAF V600 мутациясымен III сатыдағы меланома бар пациенттерде III фаза препаратының (IIIА фаза [лимфа түйініндегі метастаз >1 мм], IIIВ немесе IIIС) рандомизацияланған плацебо-бақыланатын көп орталықтық салыстырмалы жасырын зерттеуі барысында бағаланды.

Пациенттер біріктірілген ем тобына (дабрафениб 150 мг тәулігіне екі рет және траметиниб 2 мг тәулігіне бір рет) немесе екі плацебо тобына 12 ай бойы 1:1 арақатынасында рандомизацияланды. Зерттеуге қосылу критерийлеріне сәйкес, рандомизацияға дейін 12 апта бойы толық лимфаденэктомия жасаумен меланоманы толық алып тастау талап етілді. Сәулемен емдеуді қоса, ісікке қарсы жүйелі ем жүргізуге тыйым салынды. Зерттеуде кемінде 5 жыл уақыт ішінде ауру белгілері болмаған анамнезінде қатерлі ісіктері бар пациенттер қамтылды. Зерттеуде RAS генінің белсендіретін мутацияларымен расталған қатерлі жаңа түзілімдері бар пациенттер қамтылмады. Пациенттер BRAF геніндегі мутациялар статусының (V600E немесе V600K) және Америкалық обыр жөніндегі біріккен комитеттің обырды сатыларға бөлу нұсқаулығының 7-ші басылымын пайдаланумен операцияға дейінгі ауру сатысының ескерілуімен (лимфа түйіндері зақымдануының әртүрлі деңгейлерін, бастапқы ісік көлемін көрсететін III сатыдағы қосалқы сатыны ескерумен) топтарға бөлінді. Бастапқы соңғы нүкте зерттеушінің бағалауы бойынша рандомизациядан бастап аурудың қайталануына немесе кез келген себептен болатын өлімге дейінгі уақыт ретінде белгіленген қайталанусыз тіршілік қабілеті (ҚТК) болды. Ісікті бағалау рентгенологиялық зерттеу барысында алғашқы екі жыл ішінде әр 3 ай сайын және алғашқы қайталанудың туындауына дейін әр 6 ай сайын жүргізілді. Екінші соңғы

нүктелерде жалпы тіршілік қабілеті (ЖТ; негізгі екінші нүкте), қайталанулардан бос тіршілік қабілеті және кейіннен білінетін метастаздарсыз тіршілік қабілеті (КБМТ) қамтылды.

